Республиканский научно-методический журнал

USTAZ USTANYMY

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

№4(23) (2026 ж. Сәуір/Апрель 2026 г.)



"Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
"№51 гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
көркем еңбек пәні мұғалімдері

Республиканский научно-методический журнал

USTAZ USTANYMY

Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«USTAZ USTANYMY» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының
№4(23) (2026 ж. Сәуір) шығарылымы. Выпуск №4(23) (Апрель 2026 г.)
республиканского научно-методического журнала «USTAZ USTANYMY».

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ: білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.
ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ: публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

«USTAZ USTANYMY» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 13 ақпандағы Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ26VPY00064454 берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан аумағында.
«USTAZ USTANYMY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

Республиканский научно-методический журнал «USTAZ USTANYMY» в городе Нұр-Сұлтан комитетом информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан выдано свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания от 13.02.2023 года
№ KZ26VPY00064454.
Территория распространения: На территории Казахстана.
Журнал " USTAZ USTANYMY " выходит 4 раз в месяц.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

«USTAZ USTANYMY» ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.
С правилами для авторов научно-методического журнала «USTAZ USTANYMY» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

Ергалиева К.А. Өнер мен білім негізі тұлға қалыптастырудағы үндестік.....4
Коштакова А.В. Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру.....7
Жимбаева Б.Қ. Қазақ мультфильмдерінің музыкасы.....12
Тастанова Е.Ж. «Домбыра аспабын меңгертудегі әдіс-тәсілдер».....14
Құрметжанқызы А. «Хореография үйірмесінің есеп беру концерті».....16
Туремуратов К.М., Жұмабаева М.Ж. «Ұлттық өрнек пен заманауи дизайн үйлескен ерекше түйреуіштер».....18
Маханова Б.А. Жұмыстардың көрмесі.....19
Жумагалиева А.И. Қоршаған ортаны қорғайық.....22
Туремуратов К.М. Музыкалық аспапты құрастыру.....25
Тауманова Г.К. Көркем еңбек сабағында оқушыларға этнодизайн негіздерін үйрету.....28
Рахмат А.Э., Абилдаева А.С. Жоба әдісін шетел тілі сабағында мотивацияны қалыптастырудың құралы ретінде пайдалану.....29
Макашбаева Ж.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дағдыларын дамытудың әдістері.....33
Анапияева С.А. Күй құдіреті (төкпе және шертпе күй).....36
Сагинбаева Н.С. Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдері.....41
Курбанкулова Э.К. Развитие культурной грамотности учащихся через языковые задания.....43
Әділова А.Е. Бүкіләлемдік тартылыс заңы.....46
Жүсіпова А.Б. Ағылшын тілін үйренудегі психологиялық проблемалар.....50
Батырбекова А.З. Танымдық қабілетті қалыптастыруда ойын әдістерінің рөлі...53
Каюпова З.А. Бастауыш сыныпта математика пәнінен оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту арқылы шығармашылыққа баулу.....56
Нарманова А.Т. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда ұлттық ойындардың маңызы.....59
Аманбай М.А. Дене шынықтыру сабағында жасанды интеллект технологияларын қолданудың педагогикалық негіздері.....62
Амирбекова Н.У. Балабақша – балалық шақтың шаттық мекені.....65
Хусаинова С.Т. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімді әдіс-тәсілдері.....68
Дуйсенбекова Б.Ж. Физика сабағында ойын элементтері арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру.....69
Ахметова Б.Қ. Жаңа буын мұғалім – жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндік.....72
Меркибаева И.Н. Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесі: поэзия мен прозадағы көркем образ.....74
Нусюпова А.Ж. «Developing Speaking Skills through Role Play» – Рөлдік ойындар арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту.....77
Косжанова Э.А. Балалардың сөйлеу тілін қалыптастырудағы педагогикалық инновациялар.....78

Ақтөбе қаласы, №51 гимназияның көркем еңбек пәнінің мұғалімі Итолин Нұрпейіс Итолыұлының "Өнермен өрілген өнер" атты зейнетке шығу салтанатты шарасы





Ергалиева Каракоз Ахетовна
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, музыка пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ӨНЕР МЕН БІЛІМ НЕГІЗІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушыны тек академиялық біліммен қаруландыру жеткіліксіз. Басты мақсат – жан-жақты дамыған, рухани бай, мәдениетті тұлға қалыптастыру. Осы міндетті жүзеге асыруда эстетика бірлестігіне кіретін пәндердің орны ерекше. Бұл пәндер қатарына музыка, бейнелеу өнері, технология, көркем еңбек сияқты бағыттар жатады. Аталған пәндер оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың адамгершілік, рухани дамуына да зор ықпал етеді.

Эстетикалық пәндердің негізгі құндылығы – сұлулықты сезіну мен бағалауға үйретуінде. Оқушы әсем әуенді тыңдап, суретті тамашалап немесе қолөнер бұйымын жасап отырып, әлемді басқа қырынан таниды. Бұл үдеріс оның ішкі жан дүниесін байытып, эмоциялық мәдениетін дамытады. Сұлулықты түсіне білген бала қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, үйлесімді өмір сүруге ұмтылады.



Музыка пәні – эстетикалық тәрбиенің маңызды бөлігі. Музыка арқылы оқушылардың сезімі оянып, рухани дүниесі кеңейеді. Ән айту, күй тыңдау, музыкалық шығармаларды талдау барысында балалар әсемдікті қабылдауға, эмоцияларын жеткізе білуге үйренеді. Сонымен қатар, музыка ұлттық мәдениетті танытудың тиімді құралы болып табылады. Халық әндері мен күйлері арқылы оқушылар өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, дүниетанымын тереңірек түсінеді.

Бейнелеу өнері мен көркем еңбек пәндері де тәрбиелік маңызы зор бағыттардың бірі. Бұл сабақтарда оқушылар шығармашылықпен айналысып, өз қиялын қағаз бетіне немесе түрлі материалдар арқылы жүзеге асырады. Мұндай әрекеттер олардың ойлау қабілетін дамытып, еңбекке баулиды, шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, қолөнер арқылы ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылық артады.

Гимназия қабырғасында өткізілетін іс-шаралар өнердің бірнеше түрін біріктіре отырып ұйымдастырады. Мұндай кешенді жұмыстар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана

қоймай, олардың өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Әсіресе музыка, бейнелеу өнері, сахналық көріністер мен ұлттық дәстүрлерді ұштастыра өткізу – тәрбиелік маңызы жоғары тәжірибе.

Наурыз айында өткізілген мерекелік іс-шаралар соның айқын дәлелі болды. Ұлттық құндылықтарды насихаттау және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін айқындау мақсатында «Ұлттық киім күні» фестивалі ұйымдастырылды. Бұл шара барысында оқушылар қазақ халқының дәстүрлі киім үлгілерін таныстырып, олардың тарихы мен ерекшеліктері туралы мәлімет берді. Әсем безендірілген сахна, ұлттық нақыштағы киімдер мен көріністер оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, мәдени мұраға деген құрметін күшейтті.

Сонымен қатар, «Күй керуені» атты музыкалық шара ерекше әсер қалдырды. Бұл кеште оқушылар халық күйлерін орындап, ұлттық музыка өнерінің тереңдігін көрсете білді. Домбыра үнімен өрілген бұл кеш жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты оятып, ата-баба мұрасына деген қызығушылығын арттырды. Күй арқылы оқушылар тек музыкалық қабілеттерін дамытып қана қоймай, тарихи және мәдени танымдарын да кеңейтті.

Мұндай іс-шаралардың басты ерекшелігі – олардың тәрбиелік мазмұнында. Оқушылар сахнада өнер көрсетіп, өз қабілеттерін шыңдай отырып, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа, көпшілік алдында өзін ұстай білуге үйренеді.

Эстетика бірлестігі пәндерінің тағы бір маңызды қыры – тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуы. Бұл пәндерде дұрыс немесе бұрыс жауаптан гөрі, баланың өзіндік көзқарасы мен ерекше шешімі бағаланады. Нәтижесінде оқушылар еркін ойлауға, өз пікірін білдіруге дағдыланады. Бұл олардың болашақта кез келген салада табысты болуына негіз қалайды.

Қазіргі заманда эстетикалық пәндерді оқытуда заманауи технологиялар кеңінен қолданылуда. Интерактивті тақталар, цифрлық бағдарламалар, онлайн ресурстар сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Дегенмен, қандай әдіс қолданылса да, басты мақсат – оқушының жүрегіне өнерге деген сүйіспеншілік ұялату.

Қорытындылай келе, эстетика бірлестігі пәндері – тәрбие жүйесінің ажырамас бөлігі. Олар оқушылардың рухани әлемін қалыптастырып, мәдениетті, саналы, шығармашыл тұлға тәрбиелеуге ықпал етеді. Сондықтан бұл пәндердің маңызын арттырып, білім беру үдерісінде тиімді қолдану – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі.



Коштакова Асемгул Васильевна
Көркем еңбек пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы




БӨЛШЕКТЕРДІ БІРІКТІРУ МЕН БҰЙЫМДЫ БЕЗЕНДІРУ

Бөлімі	**Дизайн және технология**
Педагогтің Т.А.Ә.	**Коштакова Асемгул Васильевна**
Күні :	
Сынып: 6 «Е»	**Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:**
Тақырыбы:	**Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру**
Оқу мақсаты:	6.2.3.2-Әр түрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнім орындау. 6.2.6.2-Қол электрлі құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру.
Мақсаты:	Оқушылар әртүрлі материалдар мен конструкцияларды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнімді дайындайды және қол электрлі құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік пен еңбек гигиенасы ережелерін сақтап, түсіндіреді.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басталуы 7 минут	**Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу, құрал-жабдықтарды тексеру. **Психологиялық ахуал қалыптастыру.** Оқушылар бір – біріне жақсы көңіл – күй мен сәттілік тілейді. Жаңа топ құрастырылады. **Оқушылардан жаңа топ құрастыру:** Онлайн генератор арқылы оқушылардын жаңа топ құрастырылады. **Өткен сабаққа шолу:** Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар! Мен жасанды интеллект арқылы жасалған қазақ әжесінің аватарымын. Мен сендерге өткен сабақты еске түсіру үшін осындамын.	Оқушылар мұғаліммен амандасады. Құрал – жабдықтарын ретке келтіреді. Бір-біріне сәттілік тілейді. Орындарына жайғасады. Барлық оқушылардың назары тақтада болады. Оқушылар жаңа топ құрастырып, бір – біріне жылы ілтипат көрсетеді.	**Қалыптастырушы бағалау:** мадақтау. Жарайсың!	Оқулық https://ru.piliapp.com/#google_vignette 

	Сендер үйге арналған тоқыма бұйымдарымен жалпылама таныса отырып, алжапқыш бұйымын жасап шықтыңдар. Сендерге ас үйді сәндеуге арналған тоқыма бұйымдарды дайындау соның ішінді алжапқышты тігу қиынға соққан жоқ. Себебі, ұстаз сендермен бірге болды. Енді бүгін алжапқышты сәндеп безендіруге кірісесіңдер. Сендерге сабақ қызықты болатынына сенімдімін. Сәттілік!	Оқушылардың назары тақтада болады.		
Ортасы **27 минут**	**Практикалық сабақ.** **ЖИ тапсырмасы:** Алжапқыш бөліктерін анықтаңдар. *(функционалды сауаттылық)* **Тапсырма:** Тіктөртбұрыш немесе трапецияның ауданын табу (матаның қанша кеткенін анықтау үшін) математикалық есептеу жолын еске түсіріңдер. **Өнімді жасау кезеңі** Материалдарды дайындау Өнімді тігу Өнімді өңдеу Сапаны бақылау **Ой қозғау:** ЖИ карточкасын анықтап қараңдар Көрсетілген сәндеу тәсілін қайсысын білесіңдер? Қандай құрал – жабық пен материалдар қолдануға болады? **Бұйымды сәндеу тәсілдері:** **Сутаж** – арнайы өрілген сәндік таспа (шнур), ол киім-кешекке, аксессуарларға, үй текстиліне сән беру үшін қолданылады. **Сутажды бастыру** — бұл таспаны белгілі бір өрнекпен матаға тігу арқылы орындалатын жұмыс. Нәтижесінде өте әдемі, көркем әрі ұлттық нақышы бар туынды шығады **Жапсырма** — сәндік қолданбалы өнер түрі. Ол түрлі-түсті қағаз, мата, табиғи материалдар немесе басқа да бұйымдарды желім арқылы жазық бетке жапсыру арқылы	Оқушылар фартук бөлшектерін атауларын көрсетеді. Егер фартук тікбұрыш пішінді болса: 📐 S = a × b (мұндағы a – ені, b – ұзындығы) Егер фартук трапеция пішінді болса: 📐 S = ½ × (a + b) × h (мұндағы a, b – жоғарғы және төменгі негіз, h – биіктік) Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, білетін сәндеу тәсілдерін айтап талқылайды.	**Дескриптор:** 1.Оқшуылар өткен сабақты еске түсіреді. 2.Оқушылар алжапқыш бөлекштерін көрсетеді. 3.Оқушылар бір-біріне көмектеседі. **Дескриптор:** 1.Оқушыларкеткен мата көлемін есесптеп шығарады. 2.Математикадан алған білімдерін пайдаланады.	ЖИ тапсырмасы: https://learningapps.org/display?v=pk1gtjcgt25 

	орындалады. Бұл әдіс балалардың ұсақ қол моторикасын, эстетикалық талғамын және шығармашылық қабілетін дамытады. Жапсырма арқылы түрлі пішіндер, гүлдер, композициялар жасауға болады. **Кестелеу** — матаның бетіне ине мен жіп арқылы ою-өрнек немесе сурет тігу өнері. Бұл сәндік қолданбалы өнердің көне түрі болып табылады. Кестелеу жұмыстары қолмен немесе тігін машинасымен орындалуы мүмкін. Ол киім-кешектерді, үй жиһаздарын (жастық, дастарқан, перде), ұлттық бұйымдарды әсемдеуде қолданылады. Кестелеу оқушылардың ұқыптылығын, шыдамдылығын, шығармашылығын дамытады. **Декупаж** – бұл әртүрлі суреттерді (қағаз, майлық, мата) қиып алып, заттың бетіне жапсыру арқылы әсемдеудің сәндік қолданбалы өнер түрі. Ол жиі ағаш, әйнек, металл, пластик немесе мата бетіне желім мен лак арқылы қолданылады. **ЖИ тапсырмасы:** Оқушылар платформада тест сұрақтарына жауап береді. **Практикалық бөлім:** 🩹 **Алжапқыш тіккенде қауіпсіздік ережелері** 🪡 **1. Инемен жұмыс істеу кезінде:** Ине мен түйреуішті жұмыс біткен соң арнайы қорапқа немесе жастықшаға қадап қой. Ине мен қайшыны біреуге ұсынғанда, ұшын емес, сабын ұсын. Ине жіп сабақтап жатқанда бетке жақындатпа. ✂ **2. Қайшымен жұмыс істеу кезінде:** Қайшыны тек қажетті жағдайда ғана пайдалан. Қайшыны жабық күйде, сап жағын алға қаратып ұсын. Қайшыны ойнап немесе жүгіріп жүріп пайдалануға болмайды. 🔌 **3. Тігін машинасымен жұмыс істеу кезінде (қолмен немесе электрлік):**	Оқушылар платформада тест сұрақтарына жауап береді. Оқушылар ҚЕ қысқаша қайталап өтеді.	**Дескриптор:** 1.Оқушылар тест сұрақтарына жауап береді. 2.Фартуктің қолданылуын түсінеді. 3.білімдерін анықтайды.	ЖИ платформасы. https://wayground.com/admin/quiz/69871d9585f2222f02fc9956

	Машинаны мұғалімнің рұқсатынсыз қоспа. Қолыңызды ине мен қысқышқа тым жақын апармаңыз. Жіпті бағыттағанда және материалды қозғалтқанда машина өшірулі болуы керек. Электр сымының бүлінбегенін қадағала. 📝 **4. Жұмыс орнын ұйымдастыру:** Құралдарды үстел үстіне ретпен қой. Артық заттарды жинап, тек қажет құралдарды қалдыр. Жұмыс соңында инелер мен қайшыларды орнына қойып, жұмыс орнын таза ұста. ⚠️ **5. Жалпы қауіпсіздік ережелері:** Киімің денеге қонымды әрі жеңі қысқа болсын. Қалтада ине, қайшы сияқты өткір заттарды ұстама. Кез келген жарақат немесе ақау туралы дереу мұғалімге хабарла. **Пратикалық жұмыс:** Алжапқышты безендіруде ұлттық нақышта немесе ұлттық элементтің болуын негізге алыңдар. Пратикалық жұмыстың 8,9 минутында оқушыларға көз жаттығуы ұсынылады. Мұғалім оқушылардың жұмысын бақылап отырады. Сонымен қатар оқушылар бір - бірінің жұмыстарына жақсарту үшін кері байланыс береді. Сән көрсетілімін ұйымдастырып, өз ойларыңды айтып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер. Тілдік дағды: Алжапқыш, тігін, сәндік элементтер, композиция, өрнек, аппликация, кестелеу, ұлттық нақыш, эскиз, материал, шығын. *Қолдау көрсету арқылы саралау – Қажеттілігіне қарай кейбір оқушыларға мұғалімнің немесе құрдастарының көмегі ұсынылады.*	Оқушылар дайындаған эскиздері бойынша тігілген фартуктарын сәндеп безендіреді. Бөлшектерін қосып өңдейді. Оқушылар көз жаттығуын жасайды. Оқушылар жасаған жұмыстарын көрсетіп, көрсетілген термин сөздерін қолдана отырып өз жұмыстарын таныстырады.	**Дескриптор:** 1.Оқушылар әртүрлі материалдар мен конструкцияларды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бір өнімді дайындайды. 2.Қол электрлі құралдарымен жұмыс істейді. 3.Қауіпсіздік пен еңбек гигиенасы ережелерін сақтайды. Жарайсыңдар!	
Аяқталуы 8 минут	Сабақты бекіту		Жарайсың!	

	1. Алжапқыштың негізгі қызметі қандай? Ас үйде киімді ластанудан қорғау ✓ 2. Асханалық қолғап қандай мақсатта қолданылады? Ыстық ыдыстарды қауіпсіз ұстау үшін ✓ 3. Алжапқышқа қандай материал таңдау дұрыс болады? Су өткізбейтін және даққа төзімді мата ✓ 4. Тоқыма бұйымының түсін қалай дұрыс таңдауға болады? Қолдану мақсаты мен интерьерге сәйкес түстерді таңдау ✓ 5. Алжапқыш пен асханалық бұйымдардың дизайнында не маңызды? Ыңғайлылық, әдемілік және материалдардың сапасы ✓ Рефлексия: □ Сабақта саған не қызық болды? – Қай тапсырма немесе жұмыс түрі сені ерекше қызықтырды? – Неліктен бұл сені тартты деп ойлайсың? □ Сабақта не қиын болды? – Қай кезеңде қиналдың? – Бұл қиындықты қалай шештің немесе келесі жолы не істер едің? □ Сен үшін бүгінгі сабақтан қандай жаңалық болды? – Бұрын білмеген қандай мәліметті немесе тәсілді меңгердің? Қорытынды. Алжапқыштың дизайнын жасағанда ең маңыздысы не? Түстер мен материалдарды дұрыс таңдаудың қандай маңызы бар? Өзің жасаған нобайды болашақта қандай тәсілдермен жақсартуға болады?	Оқушылар ұялы телефондары арқылы сұрақтарға жауап береді Ауызша қорытында сұрақтарға жауап береді Сұрақтарға жауап береді.		https://www.classtime.com/questions





Жимбаева Бақытнұр Қайноллақызы
Музыка пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІНІҢ МУЗЫКАСЫ

Бөлімі:	Кино және музыка		
Педагогтің аты жөні:	Жимбаева Б.К		
Күні:			
Сынып:	6 Е	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қазақ мультфильмдерінің музыкасы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	6.1.1.1.Туған өлкенің сазгерлерінің шығармашылығы туралы тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын ,сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау. 6.1.2.3 Көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерін, көркемдеуші құралдарын салыстыру. 6.2.2.2 комьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып, музыкалық композицияларды редакциялау және интерпретация жасау.		
Сабақтың мақсаты:	Тыңдалған музыкалық шығармаларды, музыкалық мәнерліліктің түрін, стилін, жанры мен құралдардын талдайды; Қазақ мультфильмдерінің музыкасын тыңдап, стилін ажырату, олардың заманауи нақыштағы орындалуын салыстыру.		

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі (уақыты)	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	**Қызығушылығын ояту** Оқушылармен амандасу. Психологиялық тренинг **Үй тапсырмасын сұрау** **До-** Шәкен Айманов кім? Ре- Қазақ киносына қай жылдан бастап музыка жазылды? Ми- 1972 жылы Қазақфильм киностудиясында шыққан толық метражды фильм. Фа – Үзінді қай фильмнен алынған? Режиссері кім? Соль – Ақан Сатаев киноларының композиторы кім? Ля – Қазіргі қазақ кинотеатрларында ең көп табысы мен қаралымы жоғары фильм? Си – Бұл қандай кино? До - Ән шырқайық!	Оқушылар шарды үріп жарады. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. 	Жарайсың ! Керемет!	Шар Оқулық Баян

	Дауыс жаттығуы **Ән орындау**			
Сабақтың ортасы 15 мин	**«Миға шабуыл»** әдісі арқылы оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы жаңа сабақтың тақырыбын білім алушылармен бірге анықтаймыз. **«Анимация»** сөзінің мағынасын ашу **I топ «Оқы.Жұптас.Бөліс» әдісі** Мәтінмен жұмыс			Постер
	II топ «Кино лента» әдісі Қазақ мультфильмдерін атауын табу, талдау.			Кино лента
5 мин	**III топ «Gemini AI» әдісі** Нұрғиса Тілендиев туралы жасанды интеллект арқылы мәлімет табу.			Телефон, планшет,
	IY топ «Жина, құра,шырқа» әдісі Алдар көсе ремикс әніне рэп құрастыру. Қима қағаздағы қажетті сөздерді дұрыс орналастырып, ұйқас пен өлең құрастыру.	 Біздің үйде бүгін той, Бар малыңды,кәне,сой! Атам бата береді, Қолдарыңды жая қой. **Бата**		Телефон, құлаққап
Сабақтың соңы 5 мин	“Наурыз - көктем” әнін орындау. **Кері байланыс** Шашу шашылады. Шашудан тілектерін оқып, Q –кодтан ұмытылған қазақ мультфильмдерімен танысады.	Оқушылар ән айтады. Сабаққа кері байланыс жасайды		Ән орындау, Кәмпиттер





Тастанова Елена Жанабаевна
Домбыра үйірмесінің мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



«ДОМБЫРА АСПАБЫН МЕҢГЕРТУДЕГІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР»

Мақсаты: Домбыра үйрету барысында қолданылатын **тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу**, мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу және оқушылардың орындаушылық шеберлігін дамыту жолдарын практика жүзінде көрсету.

Міндеттері:

Теориялық негіз қалыптастыру — домбыра үйретудің негізгі әдістерімен (көрсетіп үйрету, есту арқылы үйрету, ноталық жүйе) таныстыру.

Практикалық дағды дамыту — аспапты дұрыс ұстау, отырыс қалпы, қол қою және қағыс түрлерін меңгертудің жолдарын нақты көрсету.

Тәжірибе алмасу — қатысушы мұғалімдерге өз тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндік беру, шығармашылық ізденісті ынталандыру.

Оқушы қызығушылығын арттыру — шағын тәжірибелік жұмыстар арқылы домбыраға деген қызығушылықты оятудың тиімді жолдарын үйрету.

Ұлттық рухты нығайту — домбыра өнерін жас ұрпаққа жеткізу арқылы ұлттық мәдениет пен рухани мұраны сақтауға үлес қосу.

Қатысушылар: семинарға қатысушы музыка пәні мұғалімдері

1. Кіріспе бөлім

Құрметті әріптестер, өнер сүйер қауым!

Бүгінгі облыстық шығармашылық шеберханамызға қош келдіңіздер!

Шеберхананың тақырыбы – «Домбыра аспабын меңгертудегі әдіс-тәсілдер».

Домбыра – қазақ халқының рухани мұрасы, ұлттық мәдениетіміздің айнасы. Ұлы күйшілеріміз арқылы бізге жеткен бұл қасиетті аспапты жас ұрпаққа үйрету – ұстаздардың маңызды міндеттерінің бірі.

Бүгінгі шеберхананың мақсаты – домбыра үйрету барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдермен бөлісу, тәжірибе алмасу және оқушылардың орындаушылық шеберлігін дамыту жолдарын көрсету.

2. Теориялық бөлім

Домбыра үйрету барысында бірнеше негізгі әдістер қолданылады:

1) Көрсетіп үйрету әдісі – мұғалім күйдің немесе жаттығудың орындалуын өзі көрсетіп, оқушы сол арқылы үйренеді.

2) Есту арқылы үйрету әдісі – оқушы күйді тыңдап, қайталау арқылы меңгереді.

3) Сандық немесе ноталық жүйе арқылы үйрету – бұл әдіс оқушының есте сақтау қабілетін арттырып, күй құрылымын түсінуге көмектеседі.

Домбыра үйретудің алғашқы кезеңінде:
- аспапты дұрыс ұстау
- дұрыс отырыс
- оң және сол қолдың орналасуы
- қағыс түрлерін меңгеру
сияқты негізгі дағдыларға ерекше көңіл бөлінеді.

3. Практикалық бөлім

Енді осы әдіс-тәсілдерді практика жүзінде көрсетіп көрейік.
1) Домбыраны дұрыс ұстау:
- отыру қалпы
- домбыраның орналасуы
- оң және сол қолдың дұрыс қойылуы
2) Қағыс түрлерін көрсету:
- төмен қағыс
- жоғары қағыс
- ілме қағыс
3) Жаттығу орындау:
Қарапайым жаттығулар арқылы саусақтардың қозғалысын дамыту.
4) Күй үйрету үлгісі:
Оқушыларға күйді бөліп-бөліп үйрету, кейін толық орындау.

4. Қатысушылармен жұмыс

Қатысушыларды шағын тәжірибелік жұмысқа шақыру:
- қарапайым қағыс үлгісін бірге орындау
- күйдің шағын бөлігін бірге ойнау
Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақтың тиімділігін күшейтеді.

5. Қорытынды

Құрметті әріптестер!

Домбыра үйрету – тек музыкалық білім беру ғана емес, ол ұлттық рухты, өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Бүгінгі шеберханада ұсынылған әдіс-тәсілдер домбыра үйрету барысында сіздерге пайдалы болады деп сенеміз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет! Өнеріміз өркендеп, шәкірттеріміздің жетістігі көп болсын!





Армангүл Құрметжанқызы
Хореография үйірмесінің мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



«ХОРЕОГРАФИЯ ҮЙІРМЕСІНІҢ ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТІ»

Мақсаты:

Хореография үйірмесінде оқушылардың жыл бойы меңгерген би дағдыларын есеп беру концерті арқылы көрсету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сахна мәдениетін қалыптастыру және өнерге деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- Теориялық және практикалық білімдерін бекіту — хореография сабақтарында үйренген қозғалыстарды сахнада көрсету.
- Практикалық дағды дамыту — дене қалпы, қозғалыс үйлесімділігі, қол-аяқ координациясын жетілдіру.
- Оқушы қызығушылығын арттыру — би арқылы өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.
- Эстетикалық тәрбие беру — сахна мәдениетін, әсемдік пен талғамды дамыту.
- Нәтижені көрсету — есеп беру концерті арқылы оқушылардың жетістіктерін көрсету.

Қатысушылар:

Хореография үйірмесінің оқушылары

Кіріспе бөлім



Құрметті ата-аналар, ұстаздар және өнер сүйер қауым!

Бүгінгі кеш – өнердің, би мен әсемдіктің мерекесі.

Хореография – тек би өнері ғана емес, ол – қозғалыс арқылы ой мен сезімді жеткізудің ерекше түрі. Би арқылы оқушылардың эстетикалық талғамы қалыптасып, дене мәдениеті дамиды.

Бүгінгі есеп беру концертінде оқушылар жыл бойы үйренген өнерлерін ортаға салып, өз шеберліктерін көрсетеді.

Теориялық бөлім

Хореография үйірмесінде оқушыларға би үйрету барысында келесі бағыттарға ерекше көңіл бөлінеді:

1. Қозғалысты көрсетіп үйрету – мұғалімнің көрсетуі арқылы оқушылардың меңгеруі
2. Қайталау арқылы үйрету – қозғалыстарды бірнеше рет орындау

3. Музыкамен үйлестіру – би қимылдарын әуен ырғағына сай орындау

Оқыту барысында:

* дұрыс дене қалпы
* қол және аяқ қозғалыстары
* тепе-теңдік сақтау
* ырғақты сезіну сияқты негізгі дағдылар қалыптастырылады.

Практикалық бөлім

Есеп беру концерті барысында оқушылар түрлі жанрдағы билерді орындады.

1. Дене қалпы мен қозғалыс үйлесімділігі сахнада көрсетілді
2. Әртүрлі би элементтері мен комбинациялар орындалды
3. Топтық және жеке билер қойылды
4. Би композициялары толық сахналық қойылым ретінде ұсынылды

Концертте қазақ ұлттық билері, заманауи би және басқа халықтардың билері сахналанды.

Қатысушылармен жұмыс

Оқушылар концертке дайындық барысында:

* би қимылдарын қайталап, жетілдірді
* топпен жұмыс жасауды үйренді
* сахнада өзін еркін ұстауға дағдыланды

Бұл жұмыстар олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Қорытынды

Құрметті көрермендер есеп беру концерті – оқушылардың жыл бойы жасаған еңбегінің нәтижесі.Бүгінгі кеште олар өз өнерлерін көрсетіп, сахнада еркін өнер көрсете алды.

Бұл концерт оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық дамуына үлкен әсер етті.Назар қойып тамашалағандарыңызға рахмет!

Өнеріміз өркендеп, шәкірттеріміздің жетістігі көп болсын!





Туремуратов Канат Маратович, Жұмабаева Мөлдір Жұмағалиқызы
Көркем еңбек пәні мұғалімдері
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы




«ҰЛТТЫҚ ӨРНЕК ПЕН ЗАМАНАУИ ДИЗАЙН ҮЙЛЕСКЕН ЕРЕКШЕ ТҮЙРЕУІШТЕР»

Мақсаты: Ұлттық ою-өрнектердің мағынасын таныстыру
Қолөнер дағдыларын дамыту
Ұлттық стильді қазіргі сәндік бұйымдарда қолдану тәсілдерін көрсету
Міндеттері: Ұлттық замауи дизайн элементтерімен үйлестіруді үйрету.
Қолөнер арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.
Заманауи дизайнмен ерекше түйреуіштерді жасау жолдарын көрсету
Мұғаілмдердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау
Қатысушылар: семинарға қатысушы көркем еңбек пәні мұғалімдері
Қажетті құралдар:
Жұқа фанерденқиылған дайын ою өрнектер
Қылқалам, акварель бояуы,
моншақ, бисер немесе сәндік тастар,
Коуочковый база, гель, түрлі түсті лактар, топ.
түйреуіш негізі
Қарындаш



1. Психологиялық дайындық
2. 3Д модельдеу слайд көрсету
3. Құрметті ұстаздар!

Қазақтың ұлттық ою-өрнектері ғасырлар бойы сәндік-қолданбалы өнердің негізгі элементі болып келеді. «Қошқар мүйіз», «түйе табан», «ирек» сияқты өрнектер киімде, әшекей бұйымдарда және тұрмыстық заттарда қолданылған. Қазіргі дизайнда бұл өрнектер жаңа материалдармен және заманауи стильмен біріктіріліп, ерекше аксессуарлар жасауға мүмкіндік береді.



Бұл мастер-класта ұлттық өрнек элементтері негізінде заманауи стильдегі түйреуіш (брошь) жасалады.

3. Тәжірибелік кезең:
1. Өрнек таңдау
Қатысушылар ұлттық ою-өрнектің бір түрін таңдайды.
База, гель, лактарды жағу арқылы бояп алады

Түрлі ұсақ материалдарды қолдана отырып, боялған түйреіштерімізді безендіреміз.
Соңында топпен жасалған жұмысымыздың бетін жауып лампаға салып кептіреміз.

2. Құрастыру:

Дайын элемент түйреуіш негізіне бекітіледі.

Қорытынды:

Мастер-класс соңында қатысушылар ұлттық өрнек пен заманауи дизайн элементтерін біріктірген ерекше авторлық түйреуіш жасайды.

Бұл бұйым ұлттық мәдениеттің сәндік элементтерін қазіргі стильде қолданудың бір мысалы болып табылады

6.Рефлексия +

Маханова Бакытгул Абыловна
Көркем еңбек пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ЖҰМЫСТАРДЫҢ КӨРМЕСІ

Көркем еңбек	№51 гимназия	
Күні:	Оқытушының аты-жөні: Маханова Бакытгул Абыловна	
Сынып: 7 В	Қатысушылар саны: 18	Қатыспағандар:
Бөлім:	Дизайн және технология	
Сабақтың тақырыбы:	Жұмыстардың көрмесі	
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	7.3.1.1-Ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі) 7.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау	
Сабақтың мақсаты:	Ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстырады (көрме, сән көрсетілімі) Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасайды.	
Құндылықтар	ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ ● Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу; ● әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;	
ЖИ мүмкіндіктерін қолдану	“Learning-apps”,canva,GhatGPT, gamma.app	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	**Педагогтың әрекеті**	**Оқушылардың әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Басталуы	**Ұйымдастыру бөлімі:** Оқушыларды орналастыру, амандасу, құралдарын	Оқушылар амандасады. 3 топқа бөлініп отырады.	**Қалыптастыр ушы бағалау:**	Оқулық, құрал-жабдықтар

	дайындау. «Наурыз-тілек» Оқушылар бір-біріне тілек айтады. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. 1-топ-Жаға 2-топ-Трансформер 3-топ-Белдемше «Миға шабуыл» әдісі “Learning-apps” платформасы арқылы бөлім тақырыптарын қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Оқушыларды жаңа тақырып пен оқу мақсаттарымен таныстыру. Бүгінгі сабақтағы іс-әрекеттерін атап шығу.	Ойлану арқылы оқушылар қайталау сұрақтарына жауап береді	фишка	https://learningapps.org/
Ортасы	1.“Рөлге бөлу” әдісі арқылы топтағы 6 оқушы өз рөлін таңдайды. 1. Суретші 2.Дизайнер 3.Тігінші 4.Әрлеуші 5. Мобилограф 6.Сатушы **Топтық жұмыс https://www.mindmup.com/ (майндмап) әдісі арқылы постер қорғайды.** 1-тапсырма Әр топ «Көрмеге дайындық» тақырыбында постер дайындайды. Постерде топ мүшелерінің рөлі мен жасаған жұмыстары көрсетіледі. Постерде болуы керек 1. Жобаның атауы 2. Жобаның идеясы 3. Топ мүшелерінің рөлі Мысалы: ● Мобилограф – жұмыс барысын фото/видеоға түсіреді ● Суретші – эскиз салады ● Дизайнер – стиль мен түсті таңдайды ● Тігінші – өнімді дайындайды ● Әрлеуші – безендіреді ● Сатушы – жұмысты таныстырады **Жеке жұмыс** Оқулықпен жұмыс Бұйымның өзіндік құнын есептеңдер.	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі - Оқушылар топта бірігіп «Көрмеге дайындық» тақырыбында постер дайындайды. - Топ мүшелері өзара рөлдерді бөлісіп, әрқайсысы өз міндетін орындайды. - Постерде жобаның атауын, жобаның негізгі идеясын және топ мүшелерінің рөлдерін жазады. - Әр рөлдің атқаратын жұмысын қысқаша сипаттап, сурет, белгі немесе шағын мәтін арқылы көрсетеді. - Оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, постерді әдемі әрі түсінікті етіп безендіреді. - Дайын болған постерді сынып алдында таныстырып, өз жобалары туралы қысқаша түсіндіреді. - Әр топтың **мобилографы** өз тобы түсірген таныстырылым видеосын сыныпқа көрсетеді. - Видеода бұйымды жасау кезеңдері, топ мүшелерінің атқарған жұмыстары және дайын нәтиже көрсетіледі. - Мобилограф видео арқылы топтың жұмыс барысын қысқаша түсіндіріп береді.	3 шапалақ	https://gamma.app/docs/-hadngrvreml pn8t?mode=doc https://www.mindmup.com/

	 **«Этно-этюд» әдісі** Әр топ өз бұйымына дефиле жасайды. Әр топ өзіне тән көрсетілім дайындап,көрсетеді.	- Оқушылар оқулықтағы мәліметтерді пайдаланып, бұйымның өзіндік құнын есептейді. -Есептеу нәтижесін кестеге дұрыс және ұқыпты толтырады. - Оқушылар ұлттық стильді, мәдени элементтерді көрсетуге тырысады. - Әр топ өз бұйымын сахналық қимылмен, сенімді түрде таныстырады. - Көрсетілім соңында сынып оқушылары жұмыстарды тамашалап, пікір білдіреді.		
Аяқталуы	**«ҚҰС әдісі» арқылы кері байланыс жасайды.** **Қ– құндылық** Сабақтың құндылығын айтады **Ұ – ұстаным** Келесі жолы нені дамыту керек, болашақтағы ұсыныс. **С – сұрақ қояды** Сұрақ қояды - орындалған жұмыстарды бағалау; - оқушылардың жұмыстарына талдау жасау. Жұмыс орнын тазалау.	Оқушылар **«ҚҰС әдісі»** арқылы өз жұмысына және басқа топтардың жұмысына кері байланыс береді. Оқушылар өз пікірлерін сыпайы түрде жеткізіп, бір-бірінің жұмысын құрметтеп бағалайды.	Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	





Жумагалиева Айгуль Исаевна
Музыка пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАЙЫҚ

Пәні:	Музыка, дүниетану (кіріктірілген сабақ)	
Бөлім:	**Қоршаған ортаны қорғау**	
Педагогтің аты-жөні:	Жумагалиева Айгуль Исаевна	
Күні:		
Сынып:	4 «Б»	
Сабақтың тақырыбы:	**Қоршаған ортаны қорғайық**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсерін талдау 4.3.1.1 – өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу,жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу.	
Сабақтың мақсаты:	адамзат дамуына климаттың әсерін талдайды; өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу,жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізеді.	
ЕББҚ білім алушыларға арналған сабақ мақсаты	өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу,жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізеді.	
Құндылықтар («Біртұтас тәрбие» бағдарламасы құндылықтары)	Табиғатты қорғау үшін еңбек ету. Құстарға , жануарларға және өсімдіктерге қамқор болу.	
ЖИ мүмкіндіктерін қолдану	Жи «видеоролик», « Word wall», слайд	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// Уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал Сәлем саған, көк аспан! Сәлем саған, жер ана! Табиғатты қорғайық, Бақытты болсын бар бала!	Көңіл-күйлері көтеріліп, эмоцияны көрсетеді.	Мадақтау ҚБ: Жарайсың! 	Слайд

Өткенді пысықтау	-Балалар, бір-біріміздің көңіл күйімізді көтерейік. Ойын «Табиғаттың дыбысын тап» Мұғалім табиғат дыбыстарын қосады: Балалар табады Бұл дыбыстардың бәрі қайдан шығады? . - Табиғатты не істеуіміз керек?	• жел • құстар • су сылдыры • жаңбыр Жауап: Табиғаттан қорғаймыз Белсенділік танытады.	ҚБ: Жарайсыңдар! ҚБ: Жарайсың!	Слайд Слайд
Сабақтың ортасы	**Жаңа тақырыпты ашу** -Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қоршаған ортаны қорғайық» Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау. -Табиғат адамға не берді? - Ауа, су, тамақ,баспана, жарық, Отан, Атамекен Ән: Атамекен	Сабақтың мақсаты мен тақырыбымен танысады. Сұрақтарға жауап береді. - Атамекен әнін оқушылар айтады.	Тамаша!	Слайд
Сергіту сәті	**“Ой қозғау” әдісі** -- Видеоролик «Табиғатты қорғайық»	Оқушылар бейнежазбаны қарап, талқылайды.		
Сабақты қорыту	**Жеке жұмыс** - «Микрофон» әдісі **«Сөйлемді аяқта» тапсырмасы** Оқушылар өз ойымен толықтырады. Табиғатты қорғау үшін мен … Мен орманда жүргенде … Қоршаған ортаны қорғау әр адам үшін … **ЕЕҚ** Суретті боя  **Жұппен жұмыс** **«Word wall»** арқылы оқушыларға жұппен ойласа отырып тапсырмаларды орындайды. **«Көңілді табиғат»** Оқушылар табиғи қимылдар жасайды. **1-топ** «Экологтер» топтық жұмыс Тапсырма: Таныстырылым рэп музыкасына салып айту. Қоршаған ортаның тынысы- Ғажайып өмірдің ырысы. Өзара үйлесім орнату – Эколог маманның жұмысы. 2-топ «Өртсөндірушілер» топтық жұмыс Тапсырма: Таныстырылым	Сөйлемді аяқтап, өз ойларын жазады. Қоршаған ортаға байланысты берілген суретті бояды. Жұптаса отырып, сұрақтарға жауап береді. Оқушылар өлеңді жаттап рэп музыкасына салып айтады.	**Дескриптор:** Сөйлемдерді оқиды-1б Сөйлемді өз ойларымен аяқтайды - 1б **Дескриптор:** Қоршаған ортаға байланысты берілген суретті бояды.-1 ҚБ: Жарайсың! ҚБ: Жарайсың!	Үлестірмелі қағаз Слайд Оқулық

	«Жалқаубек» әніне салып айту. Қауіп пен қатерден сақтайды, Күні- түні бір тыным таппайды. Кенеттен өрт шықса лаулаған, Өртсөндірушілер сенімді ақтайды. 3-топ «Таза әлем» топтық жұмыс Тапсырма: Табиғатты қорғау үшін экологиялық ережелер құрастыр «Шынжыр» әдісін қолданып, ереже құрастырады. 4-топ «Балықшылар» топтық жұмыс Тапсырма: Таныстырылым «Ақбқлақ» әнін домбырамен айту. 5-топ «Орманшылар» топтық жұмыс Тапсырма: Таныстырылым «Ұрмалы аспаппен» тоқылдақ музыкасына салып айту. Орманды қорғау - орманшының жұмысы, Сезіп тұрар қалың орман тынысын. Алуан түрлі міндеттерді атқарған, Орманшының абыройлы мың ісі. - Қорытынды «Пікіріңді айт» әдісі «Біз, адамдар, табиғат алдында қарыздармыз» дегенді қалай түсінесің? -Рефлексия «Білім ағашы» Жасыл алма – бәрін түсіндім, сабақ ұнады Мен сабақтан көп нәрсе үйрендім. Қоршаған ортаны қорғау туралы жақсы түсіндім. Табиғатты қорғаудың жолдарын білдім. Сабақ маған өте қызықты болды. **Сары алма** – әлі де сұрағым бар Мен кейбір тапсырмаларды толық түсінбедім. Тағы да мысалдар болса жақсы болар еді. Табиғатты қорғау туралы тағы білгім келеді. Қызыл алма – қиын болды Маған кейбір тапсырмалар қиын болды. Мен әлі де түсінбей тұрған жерлер бар. Маған тағы түсіндіру керек. «Балалар, бүгін біз табиғатты қорғау туралы біліміміздің алма ағашындай өсірдік. Әрқайсыңның пікірлерің – біздің білім ағашымыздың жемісі»	Оқушылар «Жалқаубек» әніне салып айтады. Оқушылар ереже құрастырады. «Ақбұлақ» әнін домбырамен оқушылар орындайды Оқушылар ұрмалы аспаптарды қолданып отырып, тоқылдақ музыкасына салып айту. Өз ойын айтады.  Рефлексия жасайды.	ҚБ: Жарайсың! ҚБ: Жарайсың! ҚБ: Жарайсың! Кереметсіңдер!  **Дескриптор:** Өз ойларымен бөліседі – 1б ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау Кереметсіңдер!	Оқулық Слайд Сурет Оқулық Слайд Оқулық «Білім ағашы»

Туремуратов Канат Маратович
Көркем еңбек пәні мұғалімі
№51 гимназия
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТЫ ҚҰРАСТЫРУ

Көркем еңбек	**Мектеп: №51 гимназия**
Күні:	**Оқытушының аты-жөні: Туремуратов Қ.М.**
Сынып: 5 «Д»	**Қатысушылар саны: Қатыспағандар:**
Бөлім:	Бөлім: **Дизайн және технология**
Сабақтың тақырыбы:	Музыкалық аспапты құрастыру
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	5.2.3.1-Өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу 5.2.3.2-Түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау 5.2.6.1-Қауіпсіздік техникасын қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану 5.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстарды білдіру.
Сабақтың мақсаты:	- Алынған өлшемге сай қол еңбегі құралдарымен әр түрлі материалдардан бұйым дайындау; Өзінің және өзгелердің жұмыстарына ұсыныс, пікір білдіріп және қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, бұйымдарын демонстрациялау.
Құндылықтарды дарыту	**Тәуелсіздік және отаншылдық** ● Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну; **Эстетикалық білім**: Зергерлік бұйымдардың көркемдік ерекшеліктерін түсіну арқылы жастардың эстетикалық талғамы қалыптасады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басталуы 5 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық ахуал қалыптастыру «Жақсы сөз — жан азығы» оқушыларға бүгінгі тапсырмаларды орындауда шығармашылық шабыт тілеу. Өткен сабақ тақырыбын еске түсіру. II. Қызығушылықты ояту: « Ғажайып шеңбер» әдісі арқылы өткен сабақ тақырыбын еске түсіру мақсатында	Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді. Оқушылар аспап материалын зерттеу үдерісінде бүгу, орау, кесу желімдеу жұмыстарының жасалу жолын зерделейді.Өз ойларын ортаға салады. Оқушылар қораптарды таңдайды.	**Қалыптастыру шы бағалау:** Бірін – бірі бағалау.	Қалдық заттардан, құралдармен музыкалық аспаптар орындау. http://www.maam.ru/detskijsad/konsultacija-na-temu-izgotovlenie-muzykalnyh-instrumentov-iz-brosovogo-materiala.html

	музыкалық аспаптар туралы білімімізді ортаға салайық. Жаңа сабақ мақсатын хабарлау Оқушылар ЖИ арқылы жасалған видеодан ұлттық музыкалық аспаптарымыздың құндылығымен таныс болады Бейнероликті қарап болғаннан кейін бірқатар сұрақтарды қою. Ал, балалар, бүгін біз сендермен бірге саламандық жұмысымызда өлшейміз, біріктіріп, қазақтың музыкалық аспаптарын дайындаймыз. Ал енді алдымызда тұраған «Сиқырлы» қораптарды таңдау арқылы қандай аспап жасайтынымызды білетін боламыз. 1-топ «Дауылпаз» тобы 2- топ « Дабыл» тобы 3- топ « Асатаяқ» тобы			
Ортасы 10мин 10 мин 5 мин	**Сабақ барысы.** I тапсырма.Топтық жұмыс. Ұрмалы –соқпалы музыкалық аспаптардың құрылымдық ерекшеліктерін,олардың жасалу ерекшеліктерін зерттейді Қауіпсіздік техникасы ережелерін сұрап еске түсіру. Қайшының ұшын көзге жақындатуға болмайды. Желіммен ойнауға болмайды Құрал – саймандарды абайлап ұстау. Өткір құралдармен жұмыс кезінде сақтанып жұмыс жасау, қолыңды жырып, кесіп алудан сақтан. II тапсырма. Топтың атына байланысты музыкалық аспап жасаймыз. 1-топ дауылпаз, 2-топ маракас 3-топ асатаяқ аспабын жасайды. (музыка қою) Оқушылар бұйымдар жасау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтап, гигиеналық талаптарды сақтайды.	Тапсырмаларға сәйкес топтық жұмыс жасайды 1-топ: Дауылпаз аспабының жасалу жолын үлгімен танысып зерттейді. Нұсқаулық карта құрады 2-топ: Дабыл аспабының жасалу жолын үлгімен танысып зерттейді,жасалу ретін баспалдаққа сөздерді ретімен қойып жазады. 3-топ: Асатаяқ (сілкімелі) аспаптардың үлгісіне қарап жасалу жолын танысып, зерттейді өздері ойланып, қандай материалдар қажеттігін топтастырады. Оқушылар қауіпсіздік ережелерін бірге қайталайды және ұстанады. Оқушылар өз ойлаған аспаптарын жасайды. Алдымен аспаптардың	**Дескриптор** Алынған өлшемге сай қол еңбегі құралдарымен әр түрлі материалдардан бұйым дайындайды; • Өзінің және өзгелердің жұмыстарына ұсыныс, пікір білдіріп және қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, бұйымдарын демонстрацияла йды	Meinl Rawhide Skin Shaker Black SH6SBK https://www.youtube.com/watch?v=TK63DMVATug Қалдық заттардан жасалған музыкалық аспаптар мысалы. Қалдық заттар: қатты қағаздан жасалған қораптар, Қағаз түтігі, майда тастар, резеңкелер, пластмасса және қағаз қораптар, қауашақтар, түрлі маталар, фольга Musical Instruments http://www.enchantedlearning.com/crafts/music/ School Workshops Көшірме қағаз, А4 форматы, қалам, сызғыш, ара, қылара, зімпара, темір кесетін қайшы, егеу, балға.

	«ДЖИГСО»әдісі арқылы жұмыс нәтижесін таныстыру. Дескриптор: әр топ, тапсырмаға сай бұйым жасайды -сағат тілімен өзге топқа таныстырады Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар өздерінің аспаптар үндерінің қасиеттерін тексереді. «Біздің оркестр» әуенге қосылу Бағалау бетшелерін тарату. Сенің аспабың дыбыс шығарады ма? Ол нағыз музыкалық аспапқа ұқсайды ма? Аспаптың барлық бөлшектері жақсы біріктірілді ме? Сендердің жұмыстарыңды қаншалықты ұқыпты деуге болады? Сендер аспаптарыңды безендіруге үлгердіңдер ме? Ол қаншалықты әдемі болды? Оқушылар бүгінгі сабақта не жасап үйренеміз деп едік? Музыкалық аспап жасап үйрендіңдер ме? Сабақ соңында оқушылар кері байланыс жүргізеді	бөлшектерін жасап, кейін біріктіреді. 2-тапсырма Дауылпаз. Бос қорапты алу. Оны шеңбер бойынша сызып қиып ,сәндеп жапсырыңдар. Дабыл таяқшаларының орнына қарындаштарды пайдалануға болады. 2-топ Дабыл аспабын Бос шеңбер тәрізді қорапты алу және шеңбер бойынша оны желіммен жапсыру.Сәндеу. 3-топ Асатаяқ аспабын әзірлеу үшін нобайын картоннан қиыпалу,сылдырмақтарды желімдеу ,сәндеу.. Қобыз музыкалық аспабын салады. *Оқушылар әрбір таныстырылымнан кейін сұрақтар қоя алады* Жұмыс дәптерінде тапсырма орындау		
Аяқталуы 5 мин **Үйге тапсырма**	**Рефлексия** Сабақтың қорытындысы: мақсатын жетістік критерий талқылау - Түрлі-түсті фломастер мен қарындаштарды әкелу	Әр топ келесі топқа жасаған аспаптарын алып, сағат тілімен аралап жасалу тәсілін түсіндіреді. Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар өздерінің аспаптар үндерінің қасиеттерін тексереді. Оқушылар Сергіту сәтінде музыкалық ритмге қосылып жасаған аспаппен шығарма орындайды.	Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	





Тауманова Гульжансара Куанбаевна
Көркем еңбек пәні мұғалімі
№221 жалпы білім беретін мектебі
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЭТНОДИЗАЙН НЕГІЗДЕРІН ҮЙРЕТУ

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен оларды келер ұрпаққа жеткізу – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда көркем еңбек пәнінің маңызы ерекше. Әсіресе, этнодизайн элементтерін оқыту арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік мол.

Этнодизайн – белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен өнеріне негізделген көркемдік жобалау бағыты. Ол ұлттық нақыштарды заманауи дизайнмен ұштастыра отырып, ерекше эстетикалық өнім жасауға бағытталады. Сондықтан этнодизайнды мектеп бағдарламасына енгізу – оқушылардың мәдени танымын кеңейтудің тиімді жолы.

Көркем еңбек сабағында этнодизайн негіздерін үйрету ең алдымен оқушыларды қазақ халқының дәстүрлі қолөнер түрлерімен таныстырудан басталады. Мысалы, киіз басу, кесте тігу, ағаш ою, зергерлік бұйымдар жасау сияқты өнер түрлері арқылы оқушылар ұлттық ою-өрнектердің мағынасы мен құрылымын түсінеді. Бұл олардың тарихи санасын қалыптастырып, ұлттық болмысқа деген құрметін арттырады.

Сабақ барысында мұғалім теориялық біліммен қатар, практикалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруы қажет. Оқушыларға ою-өрнек элементтерін пайдаланып заманауи бұйымдардың эскизін жасау, түрлі материалдармен тәжірибе жүргізу, шағын жобалар әзірлеу ұсынылады. Мұндай тапсырмалар олардың шығармашылық ойлауын дамытып, өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

Этнодизайнды оқытуда жобалық оқыту әдісін қолдану ерекше нәтиже береді. Мысалы, оқушылар белгілі бір тақырып аясында (ұлттық киім, тұрмыстық бұйым, интерьер дизайны) жоба жасап, оны қорғау арқылы өз идеяларын дәлелдеуге үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, топпен жұмыс істеу қабілетін арттырады.

Сонымен қатар, заманауи технологияларды пайдалану да маңызды. Компьютерлік бағдарламалар арқылы ою-өрнектерді цифрлық форматта құрастыру, 3D модельдеу элементтерін қолдану – оқушылардың қызығушылығын арттырып, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін табуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, оқушыларға этнодизайн негіздерін үйрету – олардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін қалыптастырып қана қоймай, шығармашылық, эстетикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді құралы. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсе, болашақта ұлттық өнерді жаңғыртып, оны заманауи деңгейде дамытатын тұлғалар қалыптасары сөзсіз.

Рахмат Аружан Эмирбекқызы[1]
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 1 курс студенті
Айгуль Сейдилдаевна Абилдаева[2]**,**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы
Тараз қаласы

ЖОБА ӘДІСІН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА МОТИВАЦИЯНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа: Ұсынылып отырған мақалада шетел тілі бойынша жобалық жұмыстың мазмұны, жоба жұмысын ұйымдастыру барысында оқытушы жұмысының міндеттері мен қиыншылығы, білім алушылардың еркіндігі мен шешім қабылдаудағы жауапкершілігі жан-жақты қарастырылған

Түйін сөздер: жобалық әдіс, проблемалық жағдай, мотивация, танымдық іс-әрекет, пәнаралық байланыс, ынтымақтастық, шығармашылық тапсырмалар

«Жоба» сөзі латынның «projectus» сөзінен шыққан, ол «алға шығу», «көзге түсу» дегенді білдіреді. Ал, шын мәнінде, жобаны жоспарлай отырып, мұғалім болашақта, оқушының қандай да бір күш-жігерін жұмсай отырып жасайтын және нәтижесі болатын әс-әрекетін елестетеді.

Білім берудегі жобалық әдіс-оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсенділігін арттыра отырып, олардың шығармашылық қабілетін дамытудың және сонымен бірге белгілі бір жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың дидактикалық құралы болып табылады. Бұл технология тәуелсіздік, белсенділік, тиімділік қағидаларына сүйенеді. Қазіргі таңда білім беру әртүрлі технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады, оның мақсаты тек білімді беру ғана емес, әр баланың шығармашылық қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау, дамыту, арттыру, оның өз бетінше нәтижелі оқу әрекетіне ынталандыру болып табылады. Осындай технологиялардың бірі – жобалау әдістемесі. Бұл әдістің мақсаты – баланың өз бетінше ойлауын дамыту және оған мектеп берген білімді есте сақтап, оны іс жүзінде қолдана білуге үйрету. Жобалық әдіс тілдік материалды шығармашылықпен қолдануға, шет тілі сабақтарын пікірталасқа, зерттеуге айналдыруға мүмкіндік береді. Шетел тілі сабағында оқу іс-әрекетінде жоба әдісін қолдану келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- оқытылатын тілдің елінің мәдениетімен таныстыру;
- өз елінің мәдениетінің құндылықтарын сіңіру;
- өзінің қызығушылығын арттыру, сөздік қорын байыту, өзінің белгілі бір білім салаларындағы олқылықтарын анықтау, тілдік болжамды дамыту, сол сияқты ең алдымен ғылымның әртүрлі салаларындағы білімін кеңейту;
- ұжымда бірлескен жұмыс дағдыларына үйрету (басқалардың пікіріне төзімділікке, диалог жүргізе білуге, ымыраға келуге және таба білуге тәрбиелеу);
- оқушылардың дербестігін және олардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамыту.

Кез келген жоба ол көрме, плакат, журнал, газет, кітап, радиобағдарлама, телебағдарлама, фильм, компьютерлік презентация түріндегі дайын өнім болып табылады.

Жобалау әдісі оқушыларға тақырыпты, ақпарат көздерін, оны беру және ұсыну тәсілін таңдауда дербестік танытуға мүмкіндік береді.

Жобаның әдістемесі бойынша әр қатысушы жобаға үлкен қызығушылық танытып тақырып бойынша жеке жұмыс жасауға мүмкіндік алады, ал бұл оқушының ынтасын арттырады. Жұмыс жасау барысында оқушы зерттеу объектісін өзі таңдап, шет тілі пәніне арналған оқулықпен шектелуі, немесе мектеп бағдарламасында қарастырылған басқа оқулықтарды қолданады. Дегенмен, балалар жиі қосымша ақпарат көздеріне (арнайы әдебиеттер, энциклопедиялар) жүгінеді, талдайды, салыстырады, ең маңызды және қызықты нәрселерді таңдап алады.

Жобалық оқытудың нақты мақсаттары деп бірқатар зерттеушілер мыналарды ұсынады:

1. Жобаға қатысушы әр оқушының өзіне деген сенімін арттыруға, өзін-өзі көрсете білуіне мүмкіндік тудырады. Қойылған мақсат келесі жағдайларда іске асырылады:

-нәтижеге сөз жүзінде емес іс жүзінде (сыныпта немесе сабақтан тыс) қол жеткізу мүмкіндігі арқылы, шын мәнінде өзінің керек екендігін сезіну арқылы, әртүрлі проблемалық жағдайлардан шыға алуы арқылы.

- жобалық тапсырманы орындау барысында жеке өзінің, өз мүмкіндіктерінің, қосқан үлесінің, сонымен қатар жеке тұлғасының өсуін білу арқылы

2.Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін келесі жағдайлар шешуші рол атқарады: нәтиже алу үшін топтық жұмыстың маңыздылығы; ынтымақтастықтың рөлі; шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында бірлескен белсенділік туралы түсініктерінің артуы. Өмірде өзінің ғана көзқарасын, мәселені шешуде өзінің ғана ойын білдіріп қоймай, сонымен қатар басқа, кейде өз көзқарасына мүлдем қарама-қайшы келетін пікірді тыңдап, түсіне білу маңызды.

3.Зерттеу дағдыларын дамыту: проблемалық жағдайды талдап, анықтау, әдебиеттерден қажетті ақпаратты таңдап ала білу, туындап отырған жағдайларды бақылау, олардың нәтижелерін жазу және талдау, гипотеза құру, оларды тексеру, жалпылау, қорытынды жасау. Бұл мақсаттарға тұлғаның әртүрлі аспектілері мен жеке қасиеттеріне әсер ететін білім беру кеңістігін арнайы ұйымдастыру арқылы қол жеткізіледі, сол арқылы оқушының «өзін-өзі өзгертуіне, жеке өсуіне, білім деңгейін жоғарылатуы, қоршаған ортаны тануы үшін «Мен-концепциясын» жүзеге асыруына мүмкіндік туады.

Шетел тілдерін оқытудағы бұл тәсілдің негізгі идеясы – назарды кез келген жаттығу түрінен оқушылардың белсенді психикалық әрекетіне ауыстыру болып табылады жіне бұл әрекет белгілі бір тілдік құралдарды білуді қажет етеді. Тек жоба әдісі ғана , мәдениетаралық өзара әрекеттесу негізінде, тілін үйреніп отырған ел мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып өткізілген шетел тілі сабақтарын, оқушылар үшін шын мәнінде қызықты, мәнді және қолжетімді мәселелер шешілетін пікірталас, зерттеу клубына айналдыра алады. Және мұндай сабақтарда пікірталас тудыра алатын тақырып болуы қажет. Мәселе жобаның негізінде жатыр. Оны шешу үшін оқушыларға тілді білу жеткіліксіз, сонымен қатар ол осы мәселені шешуге қажетті және жеткілікті әртүрлі пәндік білімдердің үлкен көлемін меңгеруі қажет. Сонымен қатар, оқушылар белгілі бір интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативті дағдыларға ие болуы керек. Біріншісіне ақпаратпен, мәтінмен жұмыс істеу (негізгі ойды бөліп көрсету, шет тіліндегі мәтіннен қажетті ақпаратты іздеу), ақпаратты талдау, жалпылау, қорытынды жасау және т.б. әртүрлі анықтамалық материалдармен жұмыс істей білу жатады. Осы дағдылардың қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің түрлерін үйретудің мақсаты болып табылады. Шығармашылық дағдыларға, ең алдымен, әртүрлі саладағы білімді қажет ететін идеяларды тудыру, мәселені шешудің бір емес, көптеген нұсқаларын таба білу жатады. Берілген шешімнің салдарын болжай білуге қарым-қатынас дағдыларын, ең алдымен, пікірталас жүргізу, әңгімелесушіні тыңдау, өз көзқарасын дәлелдеу арқылы қорғай білу, әңгімелесушімен ымыраға келу, өз ойын қысқаша айта білу жатады. Осылайша, жобалық әдісті сауатты жүргізу үшін тыңғылықты дайындық жұмыстары қажет, ол, әрине, тек шет тілін оқытуда ғана емес мектептегі білім берудің жалпы жүйесінде жүзеге асырылады. Жоба әдісінің мақсаты- оқу әс-әрекеті барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту болып табылады. Оны білім берудің кез келген деңгейінде, тіпті бастауыш мектепте де, кез келген білім беру үлгісімен кеңінен қолдануға болады. Дегенмен жоба жұмысын ұйымдастыру үшін зерттеу мәселесі және нәтижелі өткізу үшін белгілі бір тілдік құралдар қажет.

Жоба әдісін қолданудың негізгі талаптары:

1.зерттеудің шығармашылық жоспарында маңызды, кіріктірілген білімді қажет ететін мәселенің/тапсырманың болуы, оның шешімін іздестіру.

2.жүзеге асатын нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңызы.

3. оқушылардың дербес (жеке, жұптық, топтық) іс-әрекеті.

4. жобаның мазмұнын құрылымдау (кезеңдік нәтижелерді көрсету)

5.әрекеттердің белгілі бір реттілігін қамтамасыз ететін зерттеу әдістерін қолдану ал бұлардың қатарына:

- проблеманы және одан туындайтын зерттеу міндеттерін анықтау (бірлескен зерттеу барысында «миға шабуыл», «дөңгелек үстел» әдісін қолдану);
- оларды шешуге гипотезаны ұсыну;
-зерттеу әдістерін талқылау;
- түпкілікті нәтижелерді тіркеу жолдарын талқылау;
- алынған мәліметтерді жинау, жүйелеу және талдау;
- қорытындылау, нәтижелерді тіркеп, оларды ұсыну;
- қорытындылар, жаңа зерттеу мәселелерін ұсыну.

Жобалық жұмысты ұйымдастыруда оны құрастыру өте маңызды сәт болып табылады. Ол келесі қадамдарды қамтиды:

1 кезең – «Мотивация»

Бұл қадамның маңызды болар себебі, одан кейінгі жұмыстың табысты болуы көбіне соған байланысты. Сондықтан материалмен жұмысты оқулықпен емес, мәселеге сілтеу жасаудан, мақсатты негіздеп қоюдан, мұғаліммен қарым-қатынас жасаудан бастаған жөн.

2 кезең – «Ақпаратпен қамтамасыз ету».

Бұл кезеңнің міндеті – жоба мәселесі бойынша мүмкіндігінше көбірек ақпарат жинау.

3 кезең – «Оқушының ақпаратты алғашқы өңдеуі»

Кез келген материалды түсініп қабылдаудың өзіндік бояуы болады. Оқушы материалға өз тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, бастапқы талдау жасайды.

4 кезең – «Мұғаліммен бірге ақпаратты өңдеу»

Ақпарат жинау жалғаса береді. Мұғалім ізденіс нәтижелі болу үшін тапсырмаларының нақты жинағын ұсынуға ұмтылады. Контексте «ақ дақтар» анықтамасы берілген, тақырып пен тақырыпшалар бөлініп, негізгі ойлар тұжырымдалады.

5 кезең – «Қосымша ақпарат жинау»

Жұмыс барысында оқушыларға материалдың жеткіліксіз болатыны сөзсіз. Мәселелер пайда болып, оларға «шешілмеген мәселелер тұрғысынан» тағы бір рет қарауға мүмкіндік туындайды. Осының негізінде бұрыннан бар білім мен жаңа ақпаратты салыстыру қабілеті қалыптасады.

6 кезең – «Түсіну, салыстыру, талдау және түзету»

Жоба жұмысының ең маңызды бөлігі болып саналады, өйткені адамның интеллектуалдық өсуі, жеке тұлға болып қалыптасуы осы жерде жүзеге асады. Оқушылар талдауды, салыстыруды, жалпылауды, түзетулер енгізуді үйренеді.

7 кезең (қорытынды) – «Жобаны қорғау»

Жоба жұмыстарын орындау оқушыларды тілді үйренуге ынталандырады және ауызша және жазбаша тілдерді дамытады.

Сондықтан белгілі бір деңгейде шет тілін коммуникативті деңгейде меңгерудің көрсеткіші ретінде оқушының шығармашылық құзіреттілігі қалыптасады десек қателеспейміз. Жоба оқушының шығармашылық қабілеттерінің көрінуіне және қалыптасуына жағдай жасайды.

Жобалық оқыту табысқа жету мотивациясының қалыптасуына белсенді әсер етеді.

Әрине, оқу әрекеті тек жобалық оқыту схемасына негізделмеуі керек. Бірақ оқу материалын қорытындылауда, бекітуде, қайталауда, ең бастысы, оны іс жүзінде қолдану дағдыларын өңдеуде, бұл әдіс ең тиімді әдістердің бірі болып саналады. Бұл сабақты тілін оқитын елдің мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, шын мәнінде қызықты, маңызды және оқушылар үшін қолжетімді мәселелер шешілетін пікірталас, зерттеу клубына айналдыруға мүмкіндік береді.

Шет тілі сабағында жобалық әдістемені мектеп бағдарламасы аясында қолдану арқылы оқушылар:

- шет тілін үйренуде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады

- пәнаралық байланыстың қажеттілігін түсінеді
- информатика сабағында алған дағдыларын практикада қолдануға мүмкіндік алады

Жобалық әдістің дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда бірқатар артықшылықтары бар. Негізгі артықшылықтары :

-оқушылардың шет тілін үйренуге деген ынтасын арттыру

-алған білімді түрлі пәнде қолдана білу мүмкіндігінің пайда болуы

-шығармашылық және шығармашылық әрекетке арналған кеңістік пайда болуы

Жобалық әдісті қолдану оқушылардың ынтасының жеткіліксіздігі, білім мен мәдениет құндылықтарынан алшақтау, білімді өмірден оқшаулау және т.б. сияқты мәселелерді шешуге көп көмектеседі.

Жоба жұмысын орындау барысында оқушының шығармашылық құзіреттілігі қалыптасады. Жоба арқылы оқушы өз шығармашылық қабілеттерін көрсете біледі яғни олардың қалыптасуына мүмкіншілік туады.

Жобалық оқыту табысқа жету мотивациясының қалыптасуына жақсы әсер етеді. Әрине, оқу әрекеті тек жобалық оқыту схемасына негізделмеуі керек. Бірақ оқу материалын қорытындылауда, бекітуде, қайталауда, ең бастысы, оны іс жүзінде қолдану дағдыларын өңдеуде, бұл әдіс ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Жоба жұмысы сабақты зерттелетін тіл елінің мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып, шын мәнінде қызықты, практикалық маңызды және оқушылар үшін қолжетімді мәселелер шешілетін пікірталас, зерттеу клубына айналдыруға мүмкіндік береді. Шет тілі сабағында жобалық әдістемені мектеп бағдарламасы аясында да қолдану оқушылардың:

- шет тілін үйренуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне
- пәнаралық байланыстың қажеттілігін түсінуіне жағдай жасайды.

Сол сияқты бұл жұмыс жүйесі мұғалімнің жоғары кәсіби дайындығын, материалды әдістемелік тұрғыдан терең меңгеруді және оқушылармен сабаққа табанды, қажырлы және тиянақты дайындықты талап етеді.

Қолданылған деректер тізімі:

1.Баклашкина М.В. Обучение иноязычному межличностному общению на занятиях по иностранному языку в школе и вузе // Иностранные языки в школе. 2009. №1. С. 7-11.

2.Копылова В.В. Методика проектной работы на уроках английского языка – М: Дрофа, 2004.

3.Новикова Т.Д. Проектное технология на уроках и во внеурочной деятельности. //Народное образования. - 2000. - №7. – с. 151-157.

4.Ибраймова Г.К. Шет тілін оқытуда әлеуметтік мәдени біліктіліктің мазмұны. Магистрлік Диссертация, Алматы, 2006.-105б.

5.Теслина О.В. Проектные формы работы на уроке английского языка. //ИЯШ,2002. - № 3. – С.41-46.

Макашбаева Жулдыз Марлановна
Тәрбиеші, педагог-модератор
"Жұлдыз" бөбекжай-балабақшасы
Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы



МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі ғылыми-публицистикалық және педагогикалық тұрғыда жан-жақты қарастырылады, себебі қазіргі білім беру кеңістігінде тұлғаның креативті ойлауын қалыптастыру ерте жастан басталуы тиіс деген тұжырым барған сайын өзектілікке ие болып отыр. Автор баланың шығармашылық әлеуеті табиғи түрде берілетін қасиет қана емес, ол арнайы ұйымдастырылған педагогикалық ортада, мақсатты ықпал ету нәтижесінде дамитын күрделі психологиялық-педагогикалық құбылыс екендігін дәлелдейді. Мақалада мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың ойлау ерекшеліктері, қиял мен елестету қабілетінің қалыптасу заңдылықтары, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал ететін факторлар терең талданады. Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігі шығармашылықты дамытудағы шешуші тетік ретінде сипатталып, оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктері айқындалады. Баланың еркін әрекет етуіне мүмкіндік беретін орта құру, оның дербестігін қолдау, қателесуге деген қорқынышты жою сияқты факторлардың маңызы негізделеді. Мақалада ойын, бейнелеу, музыкалық және конструктивтік әрекеттердің шығармашылықты дамытудағы рөлі кешенді түрде қарастырылады. Сонымен бірге баланың эмоциялық жағдайы мен мотивациялық өрісінің шығармашылық қабілеттермен өзара байланысы ғылыми пайымдаулар арқылы түсіндіріледі. Ұсынылған ойлар мен тұжырымдар мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне тәжірибелік бағыт-бағдар беруге арналған.

Кілт сөздер: мектепке дейінгі білім беру, шығармашылық қабілет, қиял, креативті ойлау, тәрбиеші, ойын әрекеті, тұлғалық даму, баланың дамуы, педагогикалық орта, ерте даму.

Мектеп жасына дейінгі кезең баланың тұлғалық қалыптасуының іргетасы қаланатын, оның дүниетанымы, мінез-құлқы, танымдық қызығушылығы мен шығармашылық әлеуеті қарқынды дамитын ерекше уақыт аралығы ретінде қарастырылатындықтан, дәл осы кезеңде жүргізілетін тәрбиелік және білімдік ықпалдың сапасы баланың болашақтағы интеллектуалдық және әлеуметтік жетістіктеріне тікелей әсер ететін маңызды факторға айналады. Баланың шығармашылық қабілеті оның қоршаған ортаны тану тәсілімен, жаңа жағдайларға бейімделу икемділігімен және өз ойын еркін жеткізе алу мүмкіндігімен тығыз байланысты болғандықтан, бұл қабілетті дамыту мәселесі тек педагогикалық міндет емес, сонымен қатар әлеуметтік қажеттілік ретінде де бағаланады. Қазіргі қоғамда стандартты ойлау үлгілерінен тыс шешім қабылдай алатын, жаңашылдыққа бейім тұлғаларға деген сұраныс

артып отырған жағдайда, мектепке дейінгі ұйымдарда шығармашылықты дамытуға бағытталған жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс. Баланың шығармашылық әрекеті көбіне оның табиғи қызығушылығына негізделеді, сондықтан тәрбиеші осы қызығушылықты қолдап, оны бағыттай алуы қажет. Шығармашылық тек өнермен байланысты ұғым ретінде қарастырылмауы тиіс, ол баланың күнделікті әрекетінде, ойын барысында, қарым-қатынасында көрініс табатын кең ауқымды құбылыс болып табылады. Баланың қиялы мен елестету қабілеті шығармашылықтың негізгі тірегі болып есептеледі, осы қабілеттерді дамыту арқылы бала жаңа идеялар ойлап табуға, өз ойын ерекше тәсілмен жеткізуге үйренеді. Тәрбиеші баланың әрбір әрекетін бағалауда оның нәтижесіне ғана емес, сол әрекетті орындау барысындағы талпынысына да мән беруі тиіс, бұл баланың өзіне деген сенімін арттырады. Шығармашылықты дамыту үдерісі үздіксіз және жүйелі сипатта болуы қажет, себебі кездейсоқ ұйымдастырылған іс-әрекеттер тұрақты нәтиже бермейді. Осы тұрғыдан алғанда мектепке дейінгі ұйымдағы әрбір сабақ пен іс-шара баланың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталуы тиіс. Нәтижесінде бала өзін еркін сезінетін, ойы мен сезімін ашық білдіре алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын әрекетінің маңызы ерекше, себебі ойын баланың жетекші әрекеті ретінде оның психикалық дамуының барлық қырларын қамтиды және табиғи түрде жүзеге асады. Ойын барысында бала өз қиялын іске қосып, түрлі рөлдерді меңгереді, бұл оның елестету қабілетін кеңейтеді және шығармашылық ойлауын дамытады. Тәрбиеші ойын процесін ұйымдастыру кезінде оның мазмұнын баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына сәйкес құруы тиіс, бұл ойынның тиімділігін арттырады. Ойын барысында бала өз бетінше шешім қабылдауға, жаңа жағдайларға бейімделуге үйренеді, бұл шығармашылықтың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Балалар көбіне ойында өздерінің ішкі әлемін көрсетеді, сондықтан тәрбиеші осы мүмкіндікті пайдаланып, баланың жеке ерекшеліктерін тереңірек түсіне алады. Ойын әрекеті тек көңіл көтеру құралы емес, ол білім беру мен тәрбиелеудің қуатты тетігі ретінде қарастырылады. Шығармашылық ойындар арқылы бала жаңа идеяларды сынап көреді, қателеседі және қайта әрекет жасайды, бұл оның ойлау икемділігін арттырады. Тәрбиеші ойын барысында баланың бастамасын қолдап, оны шектемеуі тиіс, себебі шектеу шығармашылықтың дамуына кері әсер етеді. Ойын процесінде балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өзара әрекеттеседі, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады. Шығармашылық ойындар балалардың эмоционалдық жағдайына да оң әсер етеді, олар өздерін еркін әрі бақытты сезінеді. Осылайша ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда бейнелеу өнерінің, музыканың және конструктивтік әрекеттердің рөлі айрықша, себебі бұл әрекеттер баланың ішкі сезімін сыртқа шығаруға мүмкіндік береді және оның эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бейнелеу әрекеті барысында бала түстерді, формаларды және кеңістікті өз қалауынша үйлестіріп, жаңа бейнелер жасайды, бұл оның қиялын дамытады. Музыкалық әрекеттер баланың эмоциялық әлемін байытып, оның сезімталдығын арттырады, бұл шығармашылықтың маңызды алғышарты болып табылады. Конструктивтік әрекеттер арқылы бала заттарды құрастырып, жаңа құрылымдар ойлап табады, бұл оның логикалық және кеңістіктік ойлауын дамытады. Тәрбиеші бұл әрекеттерді ұйымдастыру кезінде баланың еркіндігін шектемей, керісінше оны қолдап отыруы тиіс. Баланың әрбір шығармашылық жұмысы оның ішкі әлемінің көрінісі болып табылатындықтан, оны бағалауда аса мұқият болу қажет. Шығармашылық әрекеттер баланың өзіндік «Менін» қалыптастыруға ықпал етеді, себебі ол өз еңбегінің нәтижесін көреді және соған қуанады. Бұл әрекеттер арқылы бала өз ойын сөзбен ғана емес, бейнелік түрде де жеткізе алады. Шығармашылық тапсырмалар баланың қызығушылығын оятып, оны белсенді әрекетке ынталандырады. Тәрбиеші баланың жетістігін мадақтап, оның талпынысын қолдауы тиіс, бұл оның мотивациясын арттырады. Осылайша түрлі шығармашылық әрекеттер баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жүйелі ұйымдастырылған педагогикалық ықпалдың нәтижесінде ғана тиімді жүзеге асатыны анықталғандықтан, тәрбиеші өз жұмысында баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және даму деңгейін терең ескеруге міндетті, өйткені әр бала өзіндік қайталанбас қабілет иесі болып табылады және осы ерекшелікті сақтау мен дамыту білім беру үдерісінің басты қағидасына айналуы тиіс. Шығармашылықты дамыту барысында баланың еркіндігі мен дербестігін қамтамасыз ету маңызды, себебі бұл оның ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Тәрбиеші баланың бастамасын қолдап, оның идеяларын бағалай отырып, шығармашылық әрекетке деген қызығушылығын арттыра алады. Баланың шығармашылық дамуы оның эмоциялық жағдайымен тығыз байланысты болғандықтан, жағымды психологиялық орта қалыптастыру ерекше мәнге ие. Шығармашылық әрекет барысында бала өз қателіктерінен қорықпай, еркін әрекет етуі тиіс, бұл оның сенімділігін арттырады. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар баланың ойлау икемділігін және проблемаларды шешу қабілетін дамытады. Бұл қабілеттер баланың болашақтағы оқу жетістіктерінің негізін құрайды. Тәрбиеші шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді үйлестіріп қолдануы қажет, бұл балалардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі. Баланың шығармашылық жетістіктерін бағалау кезінде оның нәтижесіне ғана емес, сол нәтижеге жету жолындағы еңбегіне де мән беру маңызды. Осылайша шығармашылық қабілеттерді дамыту баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін кешенді процесс ретінде қарастырылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдардың рөлі артып отырған жағдайда, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі стратегиялық маңызға ие болып отыр, себебі бұл қабілеттер тұлғаның болашақтағы табысты өмір сүруінің маңызды алғышарты ретінде қарастырылады. Шығармашылық қабілеті дамыған бала жаңа идеялар ұсына алады, стандартты емес шешімдер қабылдайды және қоршаған ортаға бейімделу қабілеті жоғары болады. Бұл қасиеттер қазіргі қоғамда аса құнды болып табылады. Тәрбиеші шығармашылықты дамыту барысында баланың табиғи қызығушылығын сақтап, оны одан әрі дамытуға жағдай жасауы тиіс. Шығармашылық әрекеттер баланың тек танымдық емес, сонымен бірге әлеуметтік және эмоциялық дамуына да әсер етеді. Балалар шығармашылық арқылы өз сезімдерін білдіреді, бұл олардың психологиялық саулығын нығайтады. Тәрбиеші баланың әрбір жетістігін байқап, оны қолдап отыруы тиіс, бұл оның өзіне деген сенімін арттырады. Шығармашылық ортада тәрбиеленген бала өз ойын еркін жеткізе алады және өз пікірін қорғауға үйренеді. Бұл оның тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда шығармашылық қабілеттерді дамыту мектепке дейінгі білім берудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорытынды. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – бұл педагогикалық үдерістің маңызды әрі көпқырлы бағыты болып табылады, себебі ол баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Шығармашылық әрекеттер арқылы бала өз мүмкіндігін ашып, өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы бұл процестің табысты жүзеге асуына тікелей әсер етеді. Баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс жүйелі және мақсатты түрде жүргізілген жағдайда ғана жоғары нәтиже береді. Осылайша мектепке дейінгі ұйымдарда шығармашылықты дамыту баланың болашақтағы табысты өмірінің берік негізін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иванова, Н. Н. Развитие творческих способностей детей дошкольного возраста в условиях детского сада «Улыбка» / Н. Н. Иванова, Н. С. Колесова. — Текст : непосредственный // Вопросы дошкольной педагогики. — 2015. — № 2 (2). — С. 27-29. — URL: https://moluch.ru/th/1/archive/6/162.

2. Мангазеева, Т. Н. Социально-личностное развитие детей в условиях дошкольного учреждения / Т. Н. Мангазеева. — Текст : непосредственный // Аспекты и тенденции

педагогической науки : материалы I Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2016 г.). — Санкт-Петербург : Свое издательство, 2016. — С. 60-63.

3. Попова, Е. А. Развитие способностей воспитанников группы компенсирующей направленности в рамках реализации проекта «Успех каждого ребенка» как условие успешной подготовки к школьному обучению / Е. А. Попова, С. В. Маслина, Т. В. Шеншина. — Текст : непосредственный // Вопросы дошкольной педагогики. — 2021. — № 5 (42). — С. 12-15.

Анапияева Салтанат Абдилдаевна
Музыка пәнінің мұғалімі, педагог-модератор
Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шелек ауылындағы гимназия» КММ




КҮЙ ҚҰДІРЕТІ (ТӨКПЕ ЖӘНЕ ШЕРТПЕ КҮЙ)

Мектеп	Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шелек ауылындағы гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бөлім:1	Қазақ халқының музыкалық мұрасы
Педагогтің Т.А.Ә.	Анапияева Салтанат Абдилдаевна
Пән:	Музыка
Күні:	
Сынып: 5 «Ә»	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: -
Сабақтың тақырыбы:	**Күй құдіреті (*төкпе және шертпе күй*)**
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	5.1.2.1 -дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау; 5.1.1.1 - музыканың түрін, стилі мен жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау; 5.2.2.1 –музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау;
Сабақтың мақсаты:	Дәстүрлі аспаптық музыканы және музыканың түрін, стилі мен жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтайды, тыңдалған шығарманы талдайды, күй жанрын сыйпаттауда музыкалық сауаттылықты қолданады, музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысын қолдана отырып, қарапайым композициялар шығарады және импровизация жасайды.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеттері	Оқушылардың әрекеттері	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас/у кезеңі (5 мин)	***Сәлемдесу.*** «Көтеріңкі көңіл-күй – жанға қуат береді» бір-бірімізбен амандасайық әдісі бойынша күй ырғағымен амандасу.	Оқушылар қол соғу арқылы мұғаліммен амандасып, суреттерді алып топқа бөлініп отырады.	От шашу	«Жастар биі» күйі аудио жазбада.

Ортасы (7мин) (7 мин)	Топқа бөліну. Білім алушылар суреттерді алу арқылы топқа бөлініп отырады 1-топ «Күй аниматорлары», 2-топ «Күй зерттеушілері», 3-топ «Күй тыңдармандары» Тыныс алу және дауыс жаттығуларын орындау. ***Үй тапсырмасын қайталау.*** 1.Айтыс өнері дегеніміз не? 1.Айтыстың түрлерін ата? ***Сабақ тақырыбын анықтау.*** Сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады. **1-тапсырма. Тыңдау. ?! Ақпарат ізде.** «Күй-музыкалық жанр» күйдің құдіреті туралы толығырақ бейне жазбадан тамашалау. Сіздер күйдің құдіреті, күйші Құрманғазы Сағырбай және «Адай күйі туралы» мағлұмат алдыңыздар. ***Пысықтау сұрақтары:*** -«Адай» күйін ең алғаш кім орындаған ? -Күйді қандай көркем фильмде қолданған? -Оркестрге кім түсірген және қай жылы? Күй – қазақтың рухани шежіресі деп бекер айтылмаған. Күйде не жоқ? «сөз» жоқ, бірақ не бар? «тарих» бар. Құрманғазының күйі «Адай» тыңдау. Аспаптық музыкалық күймен бастауыш сыныптан таныссыздар. Күй – адамның жүрегіне, жан-дүниесіне сөзден қатты әсер ететін қазақтың дәстүрлі музыкалық өнері. Домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты аспаптарда орындалады. -Күйді орындаудың қандай стилдерін білесіңдер? ***Музыкалық сауаттылық.*** -Аспаптық және вокалдық музыканы орындауда әр орындаушының өзіне ғана тән стилі қалыптасады. Мысалы, эстрадалық, дәстүрлі орындаушылық және т.б. Музыкалық стиль деген не? **2-тапсырма. Тыңда және талда.**	Жаттығуларды, ережені сақтай отырып орындайды. Оқушылар үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап бере отырып, алдыңғы сабақта алған білімдерін көрсетеді. Оқушылар дәптерге күн реті мен «Күй құдіреті» /төкпе және шертпе/ тақырыбын жазады. Оқушылар алдын ала дайындалған бейнежазбаны мұқият тыңдайды. Қ.Сағырбайұлының «Адай» күйі туралы дәптеріне төмендегі деректерді түртіп отырады. 1. «Адай» күйінің авторы Қ.Сағырбайұлы 2.1934 жылы ең алғаш орындаған **домбырашы Қали Жантілеуов.** **3.1935 жылы Ахмет Жұбанов оркестрге түсірді.** «Сөз» жоқ, «Тарих» бар. «Құлақ қою» тәртібін еске түсіріп, оқушылар назар аударады, күй тыңдайды. Күйдің төкпе және шертпе түрлері болады. Төкпе күй – оң қолдың саусақтары бірігіп, жоғары-төмен серпіліп орындалады. Шертпе күй – оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалады. Музыкалық стиль – композитор немесе орындаушының музыкалық көркемдік құралдарды қолдану	 «Альтерация белгілері»  «Альтерация белгілері» Диез – өте жақсы Бемоль – жақсы Бекар - орташа  «Альтерация белгілері» 	Топқа бөліну    Оқулық, дәптер, қалам, слайд. https://youtu.be/G6sKgOnQCKM?si=e6hbLkl1jEfzUCy7 Бейне жазба. Слайд дәптер, қалам Аудио, ЖИ бейнежазбасы Музыка оқулығы Алматы «Атамұра» 2017 Музыка оқулығы Алматы «Атамұра» 2017

(6 мин) (7 мин) (5мин)	**Шығармашылық жұмыс.** Бейнежазбадан Құрманғазының «Адай» күйін жеке орындауда тыңда. -Құрманғазы оркестрінің орындауындағы «Адай» күйін тыңда. -Ғаламтордан заманауи өңдеудегі «Адай» күйінің бейнежазбасын домбырашы А. Еңсеповтің және «Ұлытау» тобының орындауында тыңда. Алған әсерлеріңмен бөліс. Компьютерлік бағдарламаны қолдансаң, «Адай» күйіне қандай бейне көрініс дайындар едің? Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын көрсетеді. **3-тапсырма. Тыңда. ?! Ақпарат ізде** «Сарыжайлау» – шертпе күйлер ішіндегі шоқтығы биік, халық арасына кең таралған әсем күйдің бірі. Күй авторы Тәттімбет туралы не білесің? ***Музыкалық сауаттылық***. Заманауи (эстрадалық) өңдеуде қазақтың ұлттық аспаптарымен қатар, күйді орындауда басқа да аспаптар қолданылады. Мысалы: скрипка, гитара, синтезатор (клавишті аспап), түрлі ұрмалы (ударник) аспаптар. •Бейнежазбадан және ғаламтордан Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйін белгілі домбырашы Ә. Хасеновтің орындауында тыңда. •«Сарыжайлау» күйінің нұсқаларын «Отырар сазы» оркестрі мен скрипкашы Ж.Серкебаеваның орындауында тыңда, салыстыр.	немесе музыкалық бейнені берудегі таңдаған бағыты. ***«Күй зерттеушілері»*** • «Адай» күйінің орындалуын күйдің қай түріне жатқызар едің? • Орындалу ерекшеліктеріне орын-далу құрамына, дыбыс күшіне, екпініне (темп), дыбыс бояуына (тембр), динамикасына (forte, piano) назар аудар. ***«Күй тыңдармандары»*** • Өзің тыңдаған «Адай» күйінің үш нұсқасының қайсысы сіздерге ұнады және неліктен? • Қалай ойлайсың, «Адай» күйі тыңдарманға қалай әсер етеді: жылатады, күлдіреді, жігерлендіреді, шабыттандырады? ***«Күй аниматорлары»*** Жасанды интеллект қолдану арқылы «Адай» күйіне бейнекөрініс құрастырады. Жұмыстарын таныстырады. Тәттімбет Қазанғапұлы (1815–1862) —күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі. • Күйге сипаттама береді (әсем, нәзік, әуенді, тез, жай). -Жазғы жайлаудың тыныштығы, самал желдің лебі, табиғат пен адамның үйлесімі сезіледі.	Топтар бірін бірі бағалайды.    Топтарды бағалау «Альтерация белгілері» Диез – өтежақсы Бемоль – жақсы Бекар - орташа  	Домбыра https://youtu.be/QR8bnM-GvDk?si=1Z4R6u6GpZSqFLHv Оркестр https://youtu.be/llfn_RBD7Ro?si=PCX4lDzcitKGz7pN А.Еңсепов. «Ұлытау» ансам. https://youtu.be/zSfiwo2-ElQ?si=Sc5J6iJ4px85wHhB ChatGPT. Imagine-Grok. Google Gemini. Слайд. Музыка оқулығы Алматы «Атамұра» 2017 Ә.Хасенов аудио жазба. https://youtu.be/bpY1YrZmG0c?si=qfJjSEMuYTnLayBT Оркестр. Бейне жазба https://youtu.be/vQeM2rNY2Uk?si=xhG-V1dS9kUFk_kT

	4-тапсырма. ***«Күйге өз қолтаңбаңды қалдыр»*** «Сарыжайлау» күйіне дайындаған қарапайым импровизация арқылы композиция көрсету. -«Сарыжайлау» күйінің негізгі әуенін «дың» буындарымен орында. -Өзіңе ұнаған екпінді таңда. -Орындаған күй үзіндісін түрлендір.	-жанры: шертпе күй, екпіні (темп):баяу, орташа, дыбыс бояуы (тембр): жұмсақ, қоңыр, динамикасы: көбіне piano (жай), кей тұстарында сәл күшейеді, орындау тәсілі:шертіп, нәзік қағыспен •Қай нұсқада күй әуені өзгеріске ұшырағанын айтады. -Скрипка қосылғанда «Сарыжайлау» күйі: Ұлттық негізін сақтай отырып, лирикаға және классикаға ұласады. Дауыс ырғағы мен көркемдеуіш құралдарды қолдана отырып, музыкалық дыбыстармен «Сарыжайлау» күйіне қарапайым импровизация арқылы өз композицияла- рын көрсетеді.  		Қазақтың ұлттық музыкалық домбыра, ұрмалы, соқпалы аспаптары.
Бекіту (5 мин)	**Ән орындау.** Жалпы композиторлар қазақтың ұлттық аспаптарына, атақты тұлғаларына арнап көптеген әндер шығарған. Соның бірі Х.Талғаровтың сөзіне жазылған И.Нүсіпбаевтың әні «Домбырасыз сән қайда» әнін орындайды.	Әнның бірінші, екінші шумағы мен қайырмасын ән айту ережен сақтай отырып аудиожазба сүйемелдеуімен орындайды. Үшінші шумағымен қайырмасын музыкалық аспаптармен сүйемелдей отырып орындайды		Музыкалық аспаптар, аудио жазба
Үй тапсыр/ы	-«Адай» күйінің тарихын тыңдап шығарма жаз.	«Адай» күйінің тарихын тыңдап, 5-7 сөйлемнен тұратын шығарма жазады, музыкалық терминдерді қолданады.		https://youtu.be/Glr7g0HkvYM?si=1tOUWwKNzShv2QG9 дәптер, қалам
Кері байланыс (3 мин)		Қалауы бойынша сабақтан алған әсерлерін микрофонмен айтады. Көбісі «Альтерация әдісі» бойынша кері байланыс береді.		Микрофон, кері байланыс тақтайшасы, стикерлер

«Эстетика пәндері арқылы ұлттық құндылықтар мен рухани мәдениетті қалыптастыру» тақырыбындағы облыстық тәжірибелік алаңда 5 «Ә» сыныбында ашық сабақ өткіздім. «Күй құдіреті» тақырыбындағы сабақ өз мақсатына толық жетті деген ойдамын. Сабақ барысында оқушылар дәстүрлі аспаптық музыканың ерекшеліктерін танып, күй жанры туралы білімдерін кеңейтті. Музыканың түрі, стилі мен жанрын ажырату тапсырмалары тиімді ұйымдастырылып, оқушылардың танымдық белсенділігі жоғары деңгейде көрінді.

Топқа бөлінген оқушылар сабақта «Адай» күйін тыңдап, оған талдау жұмыстарын жасады. Бірінші топ күйді зерттеп ырғақ, әуен, динамика, тембрін анықтады. Екінші топ күйден алған әсерлері туралы өз ойларын еркін жеткізе білді. Ал, үшінші топ жасанды интеллек құралдарын қолдану арқылы «Адай» күйіне бейнефильм жасады.

Практикалық бөлімде оқушылар музыкалық аспаптар мен дауысын пайдаланып, «Сарыжайлау» күйіне қарапайым композициялар құрастырып, импровизация жасау арқылы шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Бұл тапсырмалар олардың қызығушылығын арттырып, сабақтың мазмұнын тереңдете түсті.

Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалды және де белсенді оқу ортасын қалыптастырдым. Оқушылардың бір-біріне деген қарым-қатынасы жоғары деңгейде болды.



Сагинбаева Назкен Сагинбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Ж.Тәшенов атындағы №68 жалпы білім беретін орта мектебі
Ақтөбе қаласы



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада білім беру процесінде әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Дифференциацияланған оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, мотивацияны арттыру және бағалаудың әртүрлі әдістерін талдап, олардың оқу жетістігі мен оқу тәжірибесіне әсерін зерттейді. Бұл тәсілдер білім беру сапасын арттыруға жағдай жасайды және жеке қажеттіліктерді ескере отырып, оқушылардың нәтижелілігімен мотивациясын нығайтуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Білім беру, жеке қажеттіліктер, дифференциялы оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мотивация, бағалау

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі көптеген түрлі қабілет, қызығушылық және оқу стилі бар оқушыларды қамтиды. Осы тұрғыдан әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған оқыту тиімді нәтижелер беретін тәсіл ретінде қарастырылады. Дәстүрлі «бір өлшем бәріне» моделі барлық оқушыларды тең дәрежеде қанағаттандырмайды, ал жеке қажеттіліктерді ескеру – бұл оқу мотивациясын, оқу сапасын және жалпы білім беру нәтижелерін жақсартудың маңызды факторы болып табылады.

Жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру түсінігі дифференциацияланған оқытуды қамтиды, ол мұғалімдердің оқу мазмұнын, процестерін және нәтижелерін әртүрлі оқушылар талабына қарай бейімдеуді көздейді. Бұл идея оқушылардың оқу тәжірибесін теңдестіруге және олардың оқу жетістіктерін максималды дәрежеде арттыруға бағытталған.

Негізгі бөлім

1. Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін анықтау

Жеке қажеттіліктерді нақты анықтау үшін оқушылардың қабілеттерін, оқу стилін, қызығушылығын, мотивациясын және оқуға дайындық деңгейін бағалау қажет. Бұл үшін диагностикалық бағалау, сұхбат, бақылау және оқушының өзін-өзі бағалауы сияқты әдістер тиімді. Жеке қажеттіліктерді нақты айқындау оқу жоспары мен оқыту тәсілдерін дұрыс бейімдеуге мүмкіндік береді.

2. Дифференциацияланған оқыту әдістері

Дифференциялы оқыту – бұл әрбір оқушының оқу ерекшеліктеріне сәйкес мазмұн, процесс және нәтижені өзгертуге бағытталған тәсіл. Мұғалімдер оқу материалын әртүрлі

деңгейдегі тапсырмалармен беру, икемді топтар құру, оқу стратегияларын әрлендіру арқылы оқушылардың қажеттіліктеріне сай келетін орта құруға мүмкіндік алады.

• Мазмұн дифференциациясы – оқу материалын дайындық деңгейіне қарай өзгерту;
• Процессті дифференциациялау – әртүрлі оқыту әдістерін қолдану;
• Нәтижені бағалаудағы дифференциациялау – бағалаудың балама түрлерін енгізу.

3. ІСТ және технологиялар

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ІСТ) жеке қажеттілікті қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Бұл құралдар оқу мазмұнын икемді ұсынуға, оқушылардың өз темпімен оқуына және оқу процесіне белсенді қатысуға жағдай жасайды. ІСТ мазмұнға визуалды, дыбыстық, интерактивті материалдар қосып, әртүрлі оқу стильдерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

4. Мотивацияны арттыру тәсілдері

Жеке қажеттіліктерді ескеру оқушы мотивациясының өсуіне ықпал етеді. Тапсырмаларды қызығушылыққа сәйкестендіру, оқушының жетістігін мадақтау, таңдау мүмкіндігін беру және шығармашылық тапсырмаларды қолдану мотивацияны күшейтеді.

5. Бағалау мен кері байланыс

Оқу жетістігін бағалауда формативті (процесс барысында) және суммативті (соңында) бағалау әдістерін үйлестіру қажет. Формативті бағалау оқушының оқу барысын үнемі тексеруге көмектеседі және оқыту әдістерін уақытылы түзетуге мүмкіндік береді.

6. Тәжірибелік ұсыныстар

• Сабақ жоспарын жеке қажеттіліктерді ескере отырып әзірлеу.
• Икемді топтар мен тапсырмалар жүйесін енгізу.
• ІСТ құралдарын оқу процесіне интеграциялау.
• Ұдайы кері байланыс пен оқушыға бағытталған бағалау жүйесін қолдану.

Қорытынды

Жеке қажеттіліктерді ескеру білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Дифференциацияланған оқыту, ІСТ құралдарын пайдалану және мотивациялық стратегиялар оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Болашақта білім беру жүйесінде әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи оқыту әдістерін қолдану арқылы жалпы білім сапасын көтеру мүмкіндігі жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абраменко А.И., Алексеев А.А. Практикум по общей психологии. М., 1990. (психологиялық негіздер)

2. Акимова М.К., Козлова В.П. Индивидуальность учащихся и индивидуальный подход. М., 2002. (индивидуализация оқыту)

3. Бутузов И.Т. Дифференцированное обучение – важное дидактическое средство. М., 2000. (дифференциация әдістемесі)

4. Унт И.Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. (М., “Педагогика”, 1990) – орысша классикалық еңбектердің бірі; жеке және дифференциацияланған оқытудың теориялық негізін қарастырады.

5. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991. (оқу-тәрбиелік процестің психологиялық негіздері)

Қазақ тіліндегі әдебиеттер / материалдар

6. Сарсенбаева А.Б. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке көзқарасты іске асыру. (мерзімді педагогикалық материал) – ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға жеке тәсілдер туралы практикалық талдау береді.

7. Инклюзивті білім беруде қазақ тілін оқытудың ерекшеліктері – инклюзивті әдістемелерді қазақ тілі сабақтарында қолдану жөніндегі әдістемелік материал.

Курбанкулова Эльмира Клишбековна
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
"Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің "Шелек ауылындағы гимназия" КММ



РАЗВИТИЕ КУЛЬТУРНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ЯЗЫКОВЫЕ ЗАДАНИЯ

Аннотация: в статье рассматриваются теоретические и методические основы формирования культурной грамотности учащихся через языковые задания на уроках русского языка. Анализируются лингвокультурологический, когнитивно-семантический и дискурс-аналитический подходы к изучению текста. Раскрывается роль языка как носителя культурных смыслов и механизма формирования языковой картины мира. Особое внимание уделяется развитию критического мышления, интерпретационных умений и метапредметных компетенций учащихся. Обосновывается необходимость интеграции традиционных и цифровых методов анализа текста в образовательном процессе.

Ключевые слова: культурная грамотность, лингвокультурология, когнитивная семантика, дискурс-анализ, языковая картина мира, концепт, интерпретация текста, критическое мышление, медиаграмотность, языковые задания.

Современное образование всё чаще рассматривает языковое обучение не только как освоение грамматических норм и орфографических правил, но и как важнейший инструмент формирования культурной грамотности личности. Под культурной грамотностью понимается способность учащегося понимать культурные коды, исторические контексты, символические значения и ценностные ориентиры, заложенные в языке. В этом смысле урок русского языка становится пространством формирования не только лингвистической, но и гуманитарной компетентности, обеспечивающей включённость ученика в культурную традицию.

Языковые задания в современной методике обучения выполняют функцию не только тренировки речевых навыков, но и культурного посредничества. Через работу с текстами, устойчивыми выражениями, фразеологизмами и художественными фрагментами учащиеся осваивают культурные смыслы, закреплённые в языке. Например, анализ пословиц и поговорок позволяет школьникам понять систему ценностей народа, его исторический опыт и мировосприятие. Таким образом, язык выступает как носитель культурной памяти, а задания становятся инструментом её актуализации.

Особое значение в формировании культурной грамотности имеет работа с текстом как культурным артефактом. Каждый текст содержит в себе следы эпохи, социальные нормы и мировоззренческие установки. При анализе текстов учащиеся учатся выявлять культурные маркеры, интерпретировать скрытые смыслы и соотносить их с современным контекстом. Например, при изучении произведений Александр Пушкин школьники не только анализируют художественные особенности текста, но и погружаются в культурную среду XIX века, осознавая связь языка и исторической эпохи.

Языковые задания, направленные на развитие культурной грамотности, должны иметь междисциплинарный характер. Интеграция языка с историей, литературой, обществознанием и искусством позволяет учащимся формировать целостное представление о культуре. Например, работа с текстами исторического содержания способствует пониманию политических и социальных процессов, а анализ художественных произведений развивает эстетическое восприятие и эмоциональную отзывчивость.

Важным компонентом является развитие интерпретационных умений учащихся. Культурная грамотность невозможна без способности понимать многозначность текста. Современные языковые задания должны включать элементы анализа подтекста, символики и авторской позиции. Это формирует у учащихся навыки критического мышления, позволяя им осознавать, что любое языковое высказывание является частью более широкой культурной системы.

Особое место в формировании культурной грамотности занимает работа с фразеологизмами и устойчивыми выражениями. Они отражают исторический опыт народа, его менталитет и ценностные установки. Например, выражения «беречь как зеницу ока» или «работать спустя рукава» несут в себе культурно-исторические смыслы, которые необходимо раскрывать в процессе обучения. Анализ таких конструкций помогает учащимся осознать связь языка и культуры.

Современные цифровые технологии расширяют возможности языковых заданий. Интерактивные платформы, цифровые корпуса текстов и мультимедийные ресурсы позволяют организовать более глубокую работу с языковым материалом. Однако важно, чтобы цифровизация не подменяла смысловую работу с текстом, а усиливала её. Использование технологий должно быть направлено на развитие аналитических и интерпретационных навыков, а не на механическое выполнение заданий.

Формирование культурной грамотности невозможно без развития диалогической формы обучения. Обсуждение текстов, аргументированное выражение собственного мнения и участие в дискуссиях позволяют учащимся осваивать культуру коммуникации. В процессе диалога формируется уважение к различным точкам зрения и способность к конструктивному взаимодействию.

Развитие культурной грамотности учащихся через языковые задания в современной методике преподавания русского языка и литературы приобретает междисциплинарный характер, объединяющий лингвокультурологию, когнитивную семантику и дискурс-анализ. В условиях глобализации и цифровой трансформации образования язык рассматривается не только как система знаков, но и как механизм хранения и трансляции культурных смыслов. Следовательно, языковое обучение становится пространством формирования культурной идентичности личности.

С позиций лингвокультурологии язык интерпретируется как «зеркало культуры», в котором отражаются ценности, нормы поведения, исторический опыт и мировоззренческие установки народа. Каждая языковая единица несёт культурно маркированную информацию, которая не всегда очевидна на уровне буквального значения. Например, фразеологизмы, пословицы и устойчивые выражения выступают как концентраты культурного опыта. Их изучение позволяет учащимся проникнуть в глубинные слои национальной картины мира. В этом контексте языковые задания должны быть направлены не только на формальное усвоение, но и на реконструкцию культурных смыслов.

Когнитивная семантика рассматривает значение языковых единиц как результат ментальных процессов. Согласно данной теории, смысл не является фиксированным, он формируется в сознании субъекта в процессе интерпретации. Это означает, что работа с текстом на уроках русского языка должна быть направлена на развитие когнитивных механизмов понимания: категоризации, концептуализации и ассоциативного мышления. Языковые задания, основанные на анализе метафор, символов и концептов, способствуют формированию у учащихся целостной языковой картины мира.

Особое значение имеет концептуальный анализ текста. Концепты «дом», «путь», «судьба», «время» и другие являются универсальными ментальными структурами, через которые человек осмысливает действительность. При работе с художественными текстами учащиеся учатся выявлять способы языковой репрезентации этих концептов, что способствует развитию абстрактного мышления и культурной рефлексии. Например, в произведениях Антон Чехов концепт «жизнь» часто представлен через образы повседневности и внутренней неудовлетворённости, что требует от учащихся глубокого интерпретационного анализа.

Дискурс-анализ позволяет рассматривать текст как часть более широкой коммуникативной и социальной практики. В данном подходе язык понимается как средство конструирования социальной реальности. Каждый текст существует в определённом контексте — историческом, культурном, идеологическом. Следовательно, понимание текста невозможно без учёта дискурсивных условий его создания и восприятия. На уроках русского языка это проявляется в необходимости анализа авторской позиции, адресата, целей высказывания и скрытых идеологических смыслов.

С точки зрения дискурсивного подхода, языковые задания должны включать элементы критического анализа текста. Учащиеся должны уметь не только понимать содержание, но и выявлять стратегии воздействия, используемые автором. Это особенно важно при анализе публицистических и медиатекстов, где язык используется как инструмент формирования общественного мнения. Развитие подобных навыков способствует формированию медиаграмотности и критического мышления.

Интеграция лингвокультурологического и когнитивного подходов позволяет рассматривать культурную грамотность как результат взаимодействия языка, мышления и культуры. В этом контексте языковое образование становится не просто процессом передачи знаний, а механизмом формирования личности, способной к интерпретации культурных кодов и адаптации в сложной информационной среде.

Современные образовательные практики всё чаще используют проектные и исследовательские формы работы, основанные на анализе текстов различных типов. Учащиеся создают собственные интерпретации, проводят сравнительный анализ культурных феноменов, исследуют языковые особенности различных эпох. Это способствует развитию исследовательских компетенций и формированию устойчивого интереса к языку как культурному явлению.

Цифровая среда расширяет возможности дискурс-анализа и работы с корпусами текстов. Использование электронных корпусов, лингвистических платформ и AI-инструментов позволяет учащимся анализировать большие массивы текстовой информации, выявлять частотные закономерности и семантические поля. Однако важно сохранять баланс между технологическим анализом и гуманитарной интерпретацией, поскольку культурные смыслы не всегда поддаются формализации.

Таким образом, языковые задания на уроках русского языка являются эффективным инструментом формирования культурной грамотности учащихся. Они позволяют соединить языковое обучение с культурным развитием личности, обеспечивая глубокое понимание текстов, развитие критического мышления и формирование ценностных ориентиров. Учитель в данном процессе выступает не только как носитель знаний, но и как медиатор культуры, помогающий учащимся осознать язык как живую систему культурных смыслов.

Список литературы:

1. Воркачев С. Г. Лингвокультурология: теория и метод. – М.: Гнозис, 2021. – 352 с.
2. Маслова В. А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2020. – 240 с.
3. Красных В. В. Основы психолингвистики и лингвокультурологии. – М.: Гнозис, 2021. – 384 с.
4. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – М.: Гнозис, 2020. – 512 с.
5. Кубрякова Е. С. Язык и знание. – М.: Языки славянской культуры, 2021. – 560 с.

Әділова Айым Есбосынқызы
Физика пәні мұғалімі, педагог-модератор
“Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі”
мемлекеттік мекемесінің “Шелек ауылындағы гимназия” КММ



БҮКІЛӘЛЕМДІК ТАРТЫЛЫС ЗАҢЫ

Білім беру ұйымының атауы	«Шелек ауылындағы гимназия» КММ
Бөлім	9.2А Динамика негіздері
Педагогтың аты-жөні:	**Әділова А.Е.**
Күні :	
Сынып: 9 «А»	
Сабақтың тақырыбы	Бүкіләлемдік тартылыс заңы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
Сабақтың мақсаты	-Бүкіләлемдік тартылыс заңын біледі; -Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдайды және оны есептер шығаруда қолданады;

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	**Педагогтың әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **7 минут**	Сәлемдесу Оқушыларды түгелдеу. «Адал азамат бағдарламасындағы құндылықтарды оқыту процесіне ұйымдастыру кезеңінен бастап,сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін» «*Бірлік пен ынтымақ*» құндылығы *«БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ» құндылыққа дәріптейтін бейне жазба көрсетемін.* Үй тапсырмасы Wordwoll платформасындағы ойын түріндегі тапсырманы орындайды. https://wordwall.net/resource/61531033	Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі. Үй тапсырмасын орындайды.	Дескриптор : -Ньютонның үшінші заңын біледі; -Үй тапсырмасына берілген тапсырманы дұрыс орындай алады; «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы!»	Презентация Көрнекілік тер

Сабақтың ортасы **20 минут**	Жаңа сабақ. ✓ "Флиппед класс" әдісі (ағылш. *Flipped Classroom* — Төңкерілген сынып) 1-топ. *Бүкіләлемдік тартылыс заңы тақырыбына макет жасау;* 2-топ. *Бүкіләлемдік тартылыс заңы тақырыбына тәжірибе жасау;* 3-топ. *Бүкіләлемдік тартылыс заңы тақырыбына комикс жасау.* https://youtu.be/QW0sMSH3wQU?si=SOTW_TxBWgz1F54	Оқушылар топ ішінде рөлдерге бөлініп, жұмыс нәтижесін қорғайды.	Дескриптор : -топтық жұмыс арқылы тақырыпты ашады; 2 балл -тартылыс күшінің әсерін дәлелдейді; 2 балл 4 балл	Жұмыс парағы Тапсырмалар
10 минут	  *1-топ. Есептер.* *1-есеп* Шолпан ғаламшарының массасы M = 4.9·10^24 кг, радиусы R = 6100 км = 6.1·10^6 м. Массасы m = 100 кг дене Шолпан бетінде қандай күшпен тартылады? *2-есеп* Массалары бірдей $m_1 = m_2 = 250$ кг, арақашықтықтары R = 2 м. Қандай күшпен тартылады? *3-есеп* Айдың массасы $M_1 = 7.33·10^{22}$ кг, Жердің массасы $M_2 = 5.96·10^{24}$ кг, арақашықтық $R = 3.8444·10^8$ м. *2-топ. Тарсия әдісі* 1. Сұрақ: Бүкіләлемдік тартылыс заңының формуласы? 2. Сұрақ: Формуладағы G нені білдіреді? 3. Сұрақ: Гравитациялық тұрақтының мәні? 4. Сұрақ: Тартылыс күші қай шамаға тура пропорционал? 5. Сұрақ: Тартылыс күші қай шамаға кері пропорционал? 6. Сұрақ: Екі дене массаларын екі есе арттырса, күш қалай өзгереді?	1-топ. 1-есеп. Формула: $F = G·mM / R^2$ $G = 6.67·10^{-11}$ Н·м²/кг² $F = 6.67·10^{-11} × 100 × 4.9·10^{24} / (6.1·10^6)^2 = 8.8·10^2$ Н Жауабы: F = 880 Н 2-есеп Формула: $F = G·m_1m_2 / R^2$ $F = 6.67·10^{-11} × 250 × 250 / 2^2 = 1.04·10^{-6}$ Н Жауабы: $F = 1.0·10^{-6}$ Н 3-есеп Формула: $F = G·M_1M_2 / R^2$ $F = 6.67·10^{-11} × 7.33·10^{22} × 5.96·10^{24} / (3.8444·10^8)^2 = 2.0·10^{20}$ Н Жауабы: $F = 2.0·10^{20}$ Н 1. F=Gm1m2r2F 2. Гравитациялық тұрақты 3. 6.67×10−11 Н\м2/кг2 4. Денелер массаларының көбейтіндісіне 5. Ара қашықтықтың квадратына 6. 4 есе артады 7. 4 есе кемиді 8. Денелердің бір-бірін тарту күшін	1-топ Дескриптор : -ХБЖға келтіре алады; 1 балл -Жаңа сабақтың формулаларын түрлендіріп,белгісіз шаманы таба алады; 1 балл -Есептің жауабын дұрыс таба алады; 1 балл 3 балл 2-топ Дескриптор : -формулаларды біледі; 1 балл -Жаңа сабақтың формулаларын қолданып, есептер	Тапсырма стикерлер Таратпа қағаздар

	7. Сұрақ: Ара қашықтық 2 есе артса, күш қалай өзгереді? 8. Сұрақ: Ньютонның тартылыс заңы нені сипаттайды? 9. Сұрақ: Жердің бізді тартуы қалай аталады? 10. Сұрақ: Тартылыс күшінің өлшем бірлігі *3-топ. ZipGrade тест әдісі.* 1. Бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқан ғалым? A) Коперник; B) Ньютон; C) Галилей; D) Кеплер 2. Тартылыс күші қай формуламен өрнектеледі? A) $F = k\ q1q2 / r^2$; B) $F = ma$; C) $F = G\ m1m2 / r^2$; D) $F = p/t$ 3. Формуладағы G шамасының мәні қандай? A) 6.67×10^{-11}; B) 9.8; C) 3×10^{8}; D) 1.6×10^{-19} 4. Егер екі дененің арақашықтығы 2 есе артса, тартылыс күші қалай өзгереді? A) 2 есе артады; B) 2 есе кемиді; C) 4 есе кемиді; D) 4 есе артады 5. Екі дененің массасы 3 есе артса, тартылыс күші… A) 3 есе артады; B) 6 есе артады; C) 9 есе артады; D) өзгермейді 6. m1=5 кг, m2=10 кг, r=2 м. Тартылыс күшін табыңдар. A) 3.3×10^{-10}; B) 8.35×10^{-11}; C) 6.67×10^{-11}; D) 1.7×10^{-9} 7. m1=20 кг, m2=20 кг, r=0.5 м. Тартылыс күшін табыңдар. A) 1.07×10^{-7}; B) 2.13×10^{-8}; C) 1.07×10^{-9}; D) 3.14×10^{-7} 8. Егер $F=2\times10^{-6}$ Н, арақашықтық 2 есе артса жаңа күш? A) 1×10^{-6}; B) 5×10^{-7}; C) 2×10^{-7}; D) 0.5×10^{-6} 9. Жер мен Ай арасындағы тартылыс күші? A) 2×10^{20}; B) 3.5×10^{22}; C) 2×10^{28}; D) 9.8×10^{17} 10. m1=100 кг, m2=50 кг. Күш=1×10^{-7} Н. Массалар 2 есе артса? A) 2×10^{-7}; B) 4×10^{-7}; C) 1×10^{-7}; D) 8×10^{-7} Функционалдық тапсырма Мәтін: «Жер бетінде орналасқан ғимараттарды жобалау кезінде инженерлер ғимараттың іргетасына түсетін салмақты және оған әсер ететін тартылыс күшін ескереді. Мысалы, бір құрылыс компаниясы биіктігі 60 метр, массасы шамамен $2\cdot10^{6}$ кг болатын	9. Ауырлық күші 10. Ньютон (Н) *Тест жауаптары:* 1. B 2. C 3. A 4. C 5. C 6. A 7. A 8. Д 9. B 10. B Оқушылар мәтіндік есепті формулаға негіздеп шығарады.	шығарады; 1 балл -теориялық сұрақтарға жауап береді; 1 балл 3 балл 3-топ Дескриптор : -формулаларды біледі; 1 балл -Жаңа сабақтың формулаларын қолданып, есептер шығарады; 1 балл -теориялық сұрақтарға жауап береді; 1 балл 3 балл Дескриптор : - формуланы дұрыс қолданады; 1 балл - математикалық амалдарды қателіксіз орындайды; 1 балл 2 балл	Таратпа қағаздар

	мұнара тұрғызуды жоспарлап отыр. Инженерлік есептеулерде мұнара мен Жер арасындағы тартылыс күші анықталады. Жердің массасы — $6 \cdot 10^{24}$ кг, ал Жер радиусы — $6{,}4 \cdot 10^{6}$ м. Мұнара Жер бетінде орналасқан деп есептеңіз. Бүкіләлемдік тартылыс заңы бойынша екі дене арасындағы тартылыс күшін есептеңіз. ЕБҚ тапсырма. Мәтін: Жер бізді өзіне тартады. Сол үшін біз жерге құлап түсеміз. Бұл құбылысты *тартылыс* деп айтамыз. Сұрақ: – Неліктен ауыр затты көтеру жеңіл затқа қарағанда қиын?			
Сабақтың соңы **5 минут** **3 минут** **Рефлексия** **Бағалау** **Үй тапсырмасы**	Сабақты бекіту тапсырмасы Educaplay платформасындағы ойын түріндегі тапсырманы орындайды. https://es.educaplay.com/recursos-educativos/21606639-learning_resource.html  Рефлексия Үй тапсырмасы: Тақырыпты оқу. Оқулық соңындағы сұрақтарға жауап жазу.Жаттығу есептерін аяқтау.Тақырыпқа байланысты қызықты зерттеу мен үй жағдайында қауіпсіздік шарасын сақтай отырып эксперименттер жасап видео материал дайындасаңыз да болады.	Сабақты бекітуге берілген тапсырманы орындайды. Сабаққа кері байланыс қалдыраады. Жұмыс парағында Өзін өзі бағалап бағалап сабақтың соңында хабарлайды.	Дескриптор : - Сабақты бекіту тапсырмасын дұрыс орындай алады; 1 балл Жұмыс парағында Өзін-өзі бағалау жүргізеді.	Жұмыс парағы Тапсырма-лар Кері байланыс стикер-лері Жұмыс парағы

Жүсіпова Ақтоты Бейсенқызы
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Ы.Алтынсарин атындағы гимназия
Қостанай облысы, Арқалық қаласы



АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

Аңдатпа: Зерттеу ағылшын тілін үйренудегі психологияның рөліне бағытталған. Бірінші бөлімде шет тілінің психологиямен байланысы және адамның жеке психологиялық ерекшеліктерінің маңыздылығы қарастырылады. Екінші бөлімде ағылшын тілін үйренудегі психологиялық проблемалар мен олардың әсері ашылады. Мақалада психологиялық проблемалардың ерекшеліктері мен олардың алдын алу жолдары талқыланып, студенттердің психологиялық бейімділіктері оқу табысына қалай әсер ететіні қарастырылады. Ерекше назар осы психологиялық проблемаларды тереңірек сипаттауға аударылған.

Кілт сөздер: *психолингвистика, психологиялық проблемалар, адам мінез-құлқы, шет тілі, коммуникация, оқу, қабілет.*

Шет тілін оқыту және үйрену әдістемесінің психологиямен тығыз байланысы бар. Мұның себебі – оқу материалын немесе ақпаратты қабылдау мен есте сақтаудың психологиялық шегі бар. Әдетте, студенттер, тіпті шет тілін жақсы меңгергендердің өзінде грамматикалық, пунктуациялық және стилистикалық қателер жиі кездеседі. Қателердің себебі – ана тілі мен шет тілінің әртүрлі тілдік механизмдерінде жатыр.

Ежелгі заманнан бері тіл мен сөйлеу адам өмірінің психикалық жағымен байланысының жеткілікті зерттелмеген проблемалары бола отырып, оқуға кешенді қызығушылық тудырды. XX ғасырдың 50-жылдарының өзінде лингвистикамен байланысты ғылым қалыптасты. Ол психолингвистика деп аталды. Психолингвистиканың пәні – тұлғаның сөйлеу әрекетінің құрылымы мен функцияларымен, сондай-ақ адам әлемінің бейнесін қалыптастыратын негізгі элемент ретінде тілмен байланысы.

Қазіргі шет тілін оқыту жеке тұлғаға бағытталған оқыту тәсіліне негізделген (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, И.А. Зимняя). Бұл тәсіл мұғалімнің барлық әдістемелік шешімдері «оқушы тұлғасының призмасынан – оның қажеттіліктері, мотивтері, қабілеттері, белсенділігі, интеллекті және басқа да жеке психологиялық ерекшеліктері арқылы сынуы тиіс» деп болжайды [1, 174 б.].

Психологиялық тұрғыдан алғанда, тіл үйрену кезінде психологиялық проблемалардың пайда болуының бірнеше себептері бар. Ең алдымен, шет тілін үйрену математикалық немесе тарихи бағытта оқытумен бірдей емес екенін атап өткен жөн. Тіл – грамматикалық ережелер мен сөздердің жиынтығынан әлдеқайда көп. Ең алдымен, ол қарым-қатынас құралы. Тіл басқа адамдармен, ал кейбір жағдайларда мүлдем басқа мәдениеттер мен құндылықтардың өкілдерімен әлеуметтік өзара әрекеттесуді талап етеді. Ал басқа адамдармен тұрақты

байланыста болу және олармен оңай қарым-қатынас жасай білу – бәрінің қолынан келе бермейтін нәрсе.

Екіншіден, кез келген тіл – көп қырлы, терең және өзгермелі сала. Оны толығымен меңгеріп, қатесіз қолдану мүмкін емес. Ешкім, соның ішінде ана тілінде сөйлейтіндер де бәрін білмейді және мінсіз сөйлемейді. Соңында, тілді теория жүзінде үйрену мүмкін емес екенін түсінеміз, ол тұрақты тәжірибені талап етеді.

Ынта, зейін және интеллект оқу үшін маңызды, бірақ басқа факторлардың әсері сөзсіз. Бұл факторлар когнитивтік қабілет пен потенциалға байланысты. Тіл үйренушінің психологиялық жай-күйі, сенімділігі және мақсатты мінез-құлқы ерекше маңызды. Әлеуметтік өзара әрекеттесу, өзін-өзі бақылаудың болмауы және білімді бағалау адам психологиясымен тығыз байланысты. Тиісінше, бұл үлгерімге әсер етеді.

Ағылшын тілін үйренудегі психологиялық проблемалар мен олардың салдары күрделі болуы мүмкін. Ағылшын тілін үйрену процесі грамматика мен сөздерді түсінуді, сондай-ақ ағылшынша ойлау қабілетін дамытуды қамтиды. Бұл көптеген студенттер үшін мазасыздыққа, көңілсіздікке және сасқалақтауға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ана тілінде сөйлейтіндер мен ана тілінде сөйлемейтіндер арасындағы үнемі салыстыру өзінің толыққанды еместігін сезінуге әкелуі мүмкін. Бұл психологиялық проблемаларды дұрыс шешу және басқару үшін оларды тану маңызды.

Осы тақырып бойынша әртүрлі жұмыстарды зерттеу барысында шет тілін үйренудегі үлгерімнің болмауының көптеген факторлары анықталды. Мысалы, Джеймс Б. Уолд өзінің «Екінші немесе шет тілі ретінде ағылшын тілін үйренудегі қиындықтар» атты еңбегінде әлеуметтік-мәдени факторларды көрсетті. Сонымен қатар, студенттің оқуындағы, денсаулығындағы немесе отбасындағы сыртқы проблемалар және тиімді оқу әдеттерінің болмауы шет тілін үйренудегі ең маңызды кедергілер мен проблемалардың бірі болуы мүмкін [2]. Ал И.С. Слободянюктің пікірінше, шет тілін меңгерудегі психологиялық қиындықтар жеке тұлғаның когнитивтік, мотивациялық және коммуникативтік салаларына әсер етеді. Яғни, студенттердің жеткіліксіз немесе нашар дамуы шет тілін оқытудың тиімділігін бұзады [3].

Егер алдыңғы екі жұмыс студенттердің психологиялық және әлеуметтік проблемаларын қамтыса, О.П. Бурлакова студенттердің практикалық және шет тілдеріндегі дағдылары мен біліктерінің жетіспеушілігіне назар аударады. Автордың пікірінше, «көбінесе шет тілін оқу кезінде студенттер фонетикалық, грамматикалық, лексикалық қиындықтар және ағылшын сөздерін үнемі ұмыту немесе студенттердің төмен мотивациясы сияқты проблемаларға тап болады» [4].

Дегенмен, тіл үйренудегі проблемалар мен кедергілерді шексіз тізімдеуге болады. Бірақ көптеген ғылыми еңбектерде проблемалар мен кедергілердің нақты жүйесі жоқ екенін көруге болады, яғни авторлар тек бір салаға ғана назар аударады. Барлық қарастырылған жұмыстарды қорытындылай келе, шет тілін үйрену кезіндегі негізгі кедергілердің түрлерін келесідей жіктеуге болады:

1. **Нақты мақсаттар қоя білмеу**

Адамдар практикаға көшу үшін шешуге тырысып жатқан мәселені нақты анықтамайды. Оның орнына олар дерексіз ойлайды және нәтижені қысқа уақыт ішінде қалайды. Алдымен, дерексіз мақсаттарды түсіндіріп, нақтылау керек, содан кейін қажетті табысқа жету үшін орындай алатын нақты әрекеттерді анықтау қажет. Әрбір шағын жетістіктен кейін мотивация сақталуы үшін өзіңізді марапаттауға болады.

2. Перфекционизм (мінсіздікке ұмтылу)

Перфекционизм – бәрін бірінші ретте дұрыс жасауға, қателерден аулақ болуға және идеалға жетуге ұмтылу. Перфекционистер бәрін мұқият жоспарлайды, ұзақ дайындалады, бірден ең жақсы нәтижеге жету үшін теорияны зерттейді. Бұл қасиеттің көптеген артықшылықтары бар және ол жұмыста немесе оқуда жиі көмектеседі, бірақ ол шет тілдерін үйренуге жиі кедергі жасайды. Тіл үйренуді велосипед тебу, оқу, спорттық ойындар және тағы басқа дағдыларды меңгерумен салыстыруға болады. Мұнда теория екінші планда, ал тәжірибе

өте маңызды. Табысқа жету үшін қателесуге болады ғана емес, сонымен қатар қателесу қажет – басқа жол жоқ [5].

3. Ең үлкен проблема – өзіне деген сенімсіздік

Қалғанының бәрі соншалықты маңызды емес. Сіз біреумен сөйлесуге қорқасыз, бірдеңенің дұрыс емес екенінен қорқасыз және бұл қорқыныштар басым болады. Нәтижесінде сіз теорияны жақсы меңгергенсіз, көп сөз білесіз, грамматиканы жақсы білесіз, бірақ әлі де сөйлей алмайсыз. Бұл жағдайды болдырмау үшін қателесуден қорықпау, мүмкіндігінше көп сөйлеу және өз қабілеттеріңізге сену қажет. Менің ойымша, тек осылай ғана психологиялық кедергіні жеңуге болады.

Осы проблемалардың алдын алуда тәлімгер де маңызды. Осының бәрінде мұғалімнің міндеті – осы дағдыны дамыту және оқушыны ынталандыру. Сондықтан мұндай процесте тек лингвистикалық емес, сонымен қатар адам мінез-құлқының шынайы мотивтеріне сүйенетін психолингвистикалық әдістерді қолдану қажет. Оқу мотивациясын сақтау үшін жеке жұмыс және өзін-өзі көрсету үшін көбірек мүмкіндіктер беру қажет. Кішкентай балаларды мысалға алсақ, олар ана тілін дәл осылай үйренеді. Олар қате және күлкілі сөйлейді, бірақ содан кейін бәрі қалыпқа келеді.

Осылайша, психолингвистикалық тәсілмен тіл оқу пәні ретінде емес, адам меңгеріп, оны дұрыс пайдалана білуі керек дағды ретінде қарастырылатынын түсінуге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, психология тұрғысынан жоғарыда аталған проблемалар маңызды рөл атқарады деген тұжырымға келеміз. Барлық ұсынылған ақпаратты жүйелесек, кедергілерді еңсеруге біраз уақыт бөлу қажет, бірақ ол бойынша күн сайын шағын әрекеттер жасай отырып, болашақта үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ананьев Б.Г. Адам таным объектісі ретінде. – Л.: 1968. – 340 б.

2. Wold, James B., «Difficulties in Learning English As a Second Or Foreign Language» (2006). All Regis University Theses. 333. – 86 б. https://epublications.regis.edu/theses/333

3. Слободянюк И.С. Студенттердің шет тілін меңгерудегі психологиялық қиындықтары және оларды шет тілдік диалог құралдарымен еңсеру: дис. ... псих.ғ.к. қол жеткізу үшін автореф. – Төменгі Новгород, 2009. – 24 б.

4. Бурлакова О.П. Әскери университеттер курсанттарының ағылшын тілін оқудағы оқу қиындықтарын еңсерудің педагогикалық жолдары: дис. ... пед.ғ.к. қол жеткізу үшін автореф. – Мәскеу, 2019. – 24 б.

5. Психологические проблемы, которые мешают учить английский язык. – Мәскеу, 28.08.2022. [Электронды ресурс]. URL: https://lingua-airlines.ru/

Батырбекова Айгул Зейнелгабыловна
Тәрбиеші, педагог-мадератор
"Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі" ММ
"Жұлдыз" бөбекжай-балабақшасы КМҚК



ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОЙЫН ӘДІСТЕРІНІҢ РӨЛІ

Аннотация: мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілетін қалыптастырудағы ойын әдістерінің ғылыми-педагогикалық маңызы қарастырылады. Ойын технологияларының когнитивтік даму, эмоционалдық интеллект, атқарушы функциялар және әлеуметтік бейімделу процестеріне ықпалы нейропедагогика және психология тұрғысынан талданады. Сонымен қатар STEAM-тәсіл, геймификация, сенсорлық және инклюзивті ойындардың мүмкіндіктері сипатталады. Ойын әрекетінің баланың зерттеушілік белсенділігі мен шығармашылық ойлауын дамытудағы рөлі ғылыми негізде ашылады.

Кілт сөздер: ойын технологиялары, танымдық қабілет, мектепке дейінгі білім беру, нейропедагогика, эмоционалдық интеллект, STEAM, геймификация, сенсорлық ойындар, когнитивтік даму, шығармашылық ойлау.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың танымдық қабілетін дамыту мәселесі ерекше ғылыми-педагогикалық маңызға ие болып отыр. Өйткені мектеп жасына дейінгі кезең – баланың ойлау, қабылдау, есте сақтау, зейін және қиял сияқты негізгі психикалық процестері қарқынды дамитын кезеңдердің бірі. Осы уақытта ұйымдастырылған сапалы педагогикалық ықпал баланың кейінгі интеллектуалдық дамуының негізін қалайды. Мектепке дейінгі педагогикада танымдық қабілетті қалыптастырудың ең тиімді құралдарының бірі ретінде ойын әдістері қарастырылады. Ойын – баланың табиғи әрекеті, оның әлемді тану тәсілі және қоршаған ортамен өзара әрекеттесуінің негізгі формасы. Сондықтан қазіргі ғылыми зерттеулер ойынның тек көңіл көтеру құралы емес, күрделі когнитивтік даму механизмі екенін дәлелдейді.

Психологиялық-педагогикалық теорияларда ойын баланың жетекші әрекеті ретінде сипатталады. Лев Выготский мен Даниил Эльконин еңбектерінде ойынның баланың әлеуметтік және интеллектуалдық дамуына ықпалы терең зерттелген. Ғалымдардың пікірінше, ойын барысында бала шынайы өмірдегі әрекеттерді модельдейді, әлеуметтік рөлдерді меңгереді және күрделі танымдық операцияларды орындайды. Бұл процесте баланың абстрактілі ойлауы, символдық қабылдауы және сөйлеу белсенділігі дамиды. Ойын әрекеті нақты тәжірибе мен қиялды біріктіретін ерекше кеңістік болғандықтан, ол когнитивтік процестердің табиғи қалыптасуына жағдай жасайды.

Танымдық қабілетті қалыптастыруда сюжеттік-рөлдік ойындардың орны ерекше. Мұндай ойындар барысында бала белгілі бір әлеуметтік рөлге еніп, қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуге тырысады. Мысалы, «дәрігер», «мұғалім», «аспаз» сияқты ойындар

арқылы балалар тек мамандықтар туралы ақпарат алып қана қоймай, қарым-қатынас мәдениетін, логикалық ойлауды және тілдік белсенділікті дамытады. Сонымен қатар рөлдік ойындар балалардың эмоциялық интеллектісін қалыптастыруға ықпал етеді, себебі олар өзге адамның көңіл күйін түсінуге және оған сәйкес әрекет етуге үйренеді.

Дидактикалық ойындар мектепке дейінгі ұйымдарда танымдық қабілеттерді дамытуда кеңінен қолданылады. Бұл ойындардың негізгі ерекшелігі – олардың нақты педагогикалық мақсатқа бағытталуы. Дидактикалық ойындар арқылы балалар түстерді, пішіндерді, сандарды, табиғат құбылыстарын және қоршаған орта заңдылықтарын меңгереді. Мысалы, логикалық ойындар баланың салыстыру, талдау және жалпылау қабілетін дамытады. Ал сөздік ойындар сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын және тілдік ойлауын жетілдіреді. Осылайша ойын барысында білім беру процесі табиғи әрі қызықты түрде жүзеге асады.

Қазіргі нейропсихологиялық зерттеулер ойын әрекетінің баланың ми дамуына тікелей әсер ететінін көрсетеді. Ойын барысында мидың бірнеше аймағы бір уақытта белсенді жұмыс істейді: қозғалысқа жауап беретін орталықтар, эмоциялық жүйе, есте сақтау және логикалық ойлау аймақтары қатар іске қосылады. Бұл нейрондық байланыстардың күшеюіне ықпал етеді. Әсіресе қимыл-қозғалыс ойындары мен сенсорлық ойындар баланың когнитивтік дамуын жеделдетеді. Сенсорлық тәжірибе арқылы бала заттардың қасиеттерін зерттеп, қоршаған әлем туралы түсінігін кеңейтеді.

Танымдық қабілетті дамытуда шығармашылық ойындардың маңызы да ерекше. Құрастыру, сурет салу, театрландырылған әрекеттер және музыкалық ойындар баланың қиялын, эстетикалық талғамын және дивергентті ойлауын дамытады. Шығармашылық ойындар барысында бала жаңа идеялар ұсынады, мәселелерді шешудің түрлі жолдарын іздейді және өзіндік шешім қабылдауға үйренеді. Бұл қасиеттер болашақта баланың инновациялық ойлау қабілетінің қалыптасуына негіз болады.

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялардың дамуына байланысты ойын әдістерінің жаңа формалары пайда болуда. Интерактивті ойындар, білім беру қосымшалары және мультимедиялық ресурстар балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда педагогтар цифрлық ойындарды қолдануда тепе-теңдікті сақтауы тиіс. Бала тек виртуалды ортада емес, нақты заттармен әрекет ету арқылы да дамиды. Сондықтан дәстүрлі ойындар мен цифрлық технологияларды үйлестіру маңызды.

Ойын әдістері баланың әлеуметтік бейімделуіне де ықпал етеді. Ұжымдық ойындар барысында балалар бірлескен әрекетке қатысып, қарым-қатынас жасауды үйренеді. Олар келісімге келу, өз пікірін білдіру, кезек күту және ортақ шешім қабылдау сияқты әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Бұл қасиеттер мектепке бейімделу процесінде ерекше маңызға ие болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын әдістерін тиімді қолдану көбінесе тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігіне байланысты. Тәрбиеші ойынның педагогикалық мақсатын нақты анықтап, балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеруі тиіс. Сонымен қатар ойын барысында балаға еркіндік беру маңызды, себебі шамадан тыс бақылау шығармашылық белсенділікті төмендетуі мүмкін. Тәрбиеші бағыттаушы әрі ынталандырушы рөл атқарған жағдайда ғана ойын өзінің толық дамытушылық әлеуетін жүзеге асырады.

Қазіргі білім беру парадигмасы баланы дайын білімді қабылдаушы емес, белсенді зерттеуші тұлға ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда ойын әдістері баланың зерттеушілік қабілетін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Бала ойын барысында сұрақ қояды, тәжірибе жасайды, салыстырады және қорытынды шығарады. Бұл ғылыми ойлаудың бастапқы элементтерін қалыптастырады.

Қазіргі мектепке дейінгі педагогикада ойын технологиялары тек оқыту құралы ретінде емес, баланың когнитивтік икемділігін қалыптастыратын нейропсихологиялық механизм ретінде қарастырылып келеді. Когнитивтік икемділік – баланың өзгермелі жағдайларға бейімделу, бірнеше тапсырма арасында ауысу және жаңа шешімдер табу қабілеті. Бұл қасиет XXI ғасыр дағдыларының негізі болып саналады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойын әрекеті

арқылы қалыптасқан когнитивтік икемділік кейінгі оқу жетістіктеріне, мәселе шешу қабілетіне және шығармашылық ойлауға тікелей әсер етеді.

Қазіргі нейропедагогикалық зерттеулерге сәйкес, еркін ойын барысында баланың маңдай бөлігі белсенді жұмыс істейді. Бұл аймақ жоспарлау, шешім қабылдау және өзін-өзі бақылау функцияларына жауап береді. Бала ойын кезінде ережелерді есте сақтайды, өз әрекетін реттейді және басқа балалардың әрекетіне бейімделеді. Мұндай күрделі психикалық процесс атқарушы функциялардың дамуына ықпал етеді. Әсіресе стратегияға негізделген логикалық ойындар баланың себеп-салдарлық байланыстарды түсіну қабілетін жетілдіреді.

Танымдық қабілетті дамытуда табиғатпен байланысты ойындардың маңызы ерекше. Қазіргі урбанизация жағдайында балалардың табиғи ортамен байланысы әлсіреп барады, бұл сенсорлық тәжірибенің азаюына әкеледі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық ойындар мен зерттеушілік серуендерді ұйымдастыру өзекті мәселеге айналуда. Жапырақтарды салыстыру, құм мен судың қасиеттерін зерттеу, өсімдіктерді бақылау сияқты әрекеттер баланың зерттеушілік қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның экологиялық санасын қалыптастырады.

Қазіргі кезеңде ойын әдістерін ұйымдастыруда STEAM-тәсіл ерекше маңызға ие. STEAM элементтері енгізілген ойындар балалардың ғылыми ойлау негіздерін ерте жастан қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, құрылыс конструкторлары арқылы қарапайым инженерлік модельдер жасау, магниттермен тәжірибе жүргізу немесе қарапайым механизмдерді зерттеу барысында балалар кеңістіктік ойлау мен логикалық талдау қабілеттерін дамытады. Мұндай ойындар баланың танымдық белсенділігін арттырып, болашақ техникалық және ғылыми сауаттылықтың негізін қалайды.

Ойын әдістерінің тағы бір маңызды бағыты – эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру. Қазіргі балалар ақпараттық жүктеменің жоғары болуына байланысты эмоциялық шаршауға жиі ұшырайды. Психологтардың пікірінше, ойын баланың ішкі эмоциялық қысымын төмендететін табиғи терапиялық құрал болып табылады. Құм терапиясы, арт-ойындар, музыкалық-қимыл ойындары және релаксациялық жаттығулар баланың эмоциясын реттеуге көмектеседі. Бұл әсіресе мазасыздық деңгейі жоғары балалар үшін маңызды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ойын технологияларын қолдану да ерекше өзектілікке ие. Әртүрлі даму ерекшеліктері бар балалар бірлескен ойын барысында әлеуметтік тәжірибе жинақтайды және өзара әрекеттесуді үйренеді. Сенсорлық ойындар, визуалды қолдауы бар тапсырмалар және кооперативтік әрекеттер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл инклюзивті ортада әлеуметтік бейімделуді жеңілдетеді.

Қазіргі цифрлық дәуірде ойын әдістерінің трансформациясы байқалады. Геймификация элементтері мектепке дейінгі білім беруде кеңінен қолданылуда. Дегенмен цифрлық ойындардың шектен тыс қолданылуы баланың шынайы әлеуметтік қарым-қатынасын әлсіретуі мүмкін. Сондықтан педагогикалық тәжірибеде цифрлық және дәстүрлі ойындардың үйлесімділігі сақталуы қажет. Баланың қолмен әрекет етуі, қозғалыс белсенділігі және тірі қарым-қатынасы когнитивтік дамудың негізгі шарты болып қала береді.

Ойын әдістерінің тиімділігі көбінесе педагогтың кәсіби шеберлігіне байланысты. Қазіргі тәрбиеші ойын ұйымдастырушы ғана емес, баланың когнитивтік дамуын бағыттаушы фасилитатор болуы тиіс. Ол балалардың қызығушылығын бақылап, ойын сценарийлерін икемді өзгерте алуы қажет. Сонымен қатар тәрбиеші ойын барысында баланың эмоциялық жағдайын, қарым-қатынас ерекшеліктерін және шығармашылық белсенділігін ескеріп отыруы маңызды.

Нейропсихологиялық зерттеулер ұжымдық ойындардың тілдік дамуға ерекше әсер ететінін көрсетеді. Ойын барысында балалар белсенді диалогқа түсіп, жаңа сөздерді меңгереді және сөйлем құрастыру қабілетін дамытады. Бұл әсіресе билингвалды ортадағы балалар үшін маңызды, себебі ойын табиғи тілдік тәжірибе қалыптастырады. Сонымен қатар

театрландырылған ойындар баланың сөйлеу мәнерін, интонациясын және коммуникативтік сенімділігін күшейтеді.

Осылайша, ойын әдістері мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілетін қалыптастырудың ең табиғи және тиімді тәсілі болып табылады. Ойын баланың когнитивтік, эмоциялық, әлеуметтік және шығармашылық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етеді. Заманауи педагогика мен нейропсихология ойын әрекетінің баланың ми дамуына, ойлау жүйесіне және тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын технологияларын ғылыми негізде ұйымдастыру болашақ ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Юрайт, 2021. – 320 с.
2. Эльконин Д. Б. Психология игры. – М.: Академия, 2020. – 384 с.
3. Венгер Л. А. Развитие познавательных способностей в процессе дошкольного воспитания. – М.: Просвещение, 2021. – 224 с.
4. Мухина В. С. Возрастная психология. – М.: Академия, 2022. – 560 с.
5. Леонтьев А. Н. Психическое развитие ребенка в дошкольном возрасте. – М.: Смысл, 2020. – 288 с.
6. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. – М.: Интеллект-Центр, 2021. – 544 с.
7. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – М.: Вильямс, 2021. – 512 с.

Каюпова Замира Абдинабиевна
Бастауыш сынып мұғалімі
"Бірінші мамыр жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мекемесі
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының математика пәні арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамыту және шығармашылыққа баулу мәселелері қарастырылады. Оқушылардың логикалық ойлауын, ізденімпаздығын қалыптастыруда зерттеуге негізделген тапсырмалардың, тиімді әдіс-тәсілдердің маңызы айқындалады. Мұғалімнің іс-тәжірибесі негізінде зерттеушілік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары ұсынылады.

Тірек сөздер: зерттеушілік қабілет, шығармашылық, математика, бастауыш білім, логикалық ойлау, проблемалық оқыту.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыны тек біліммен қаруландыру жеткіліксіз. Бүгінгі қоғамға алған білімін өмірде қолдана алатын, мәселені шеше білетін, ізденетін, шығармашыл тұлға қажет. Осыған байланысты бастауыш сыныптан бастап оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Бастауыш мектеп – баланың танымдық қабілеті қалыптасатын алғашқы баспалдақ. Бұл кезеңде оқушының қызығушылығы, ойлау белсенділігі, сұрақ қоюы, ізденуге ұмтылысы жоғары болады. Сондықтан математика сабағында тек есеп шығарту ғана емес, оқушыны зерттеуге бағыттау, шығармашылыққа баулу – уақыт талабы.

Математика пәні өзінің мазмұны жағынан зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруға өте қолайлы. Себебі математикалық тапсырмалар оқушыны салыстыруға, талдауға, дәлелдеуге, қорытынды жасауға үйретеді.

Зерттеушілік қабілетті дамытудың теориялық негіздері

Зерттеушілік қабілет – оқушының мәселені байқауы, сұрақ қоя білуі, болжам ұсынуы, дәлелдеуі және қорытынды жасауы арқылы көрінетін танымдық әрекеті.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік әрекеті қарапайым бақылаудан басталып, талдау мен шағын жаңалық ашуға дейін жетуі мүмкін. Мұндай әрекет оқушының өздігінен білім алуына жол ашады.

Зерттеушілік жұмыстың кезеңдері:

- мәселені анықтау;
- сұрақ қою;
- болжам ұсыну;
- тәжірибе немесе ізденіс жүргізу;
- нәтижені талдау;
- қорытынды жасау.

Осы әрекеттер жүйелі ұйымдастырылғанда оқушыда зерттеу мәдениеті қалыптасады.

Математика сабақтарында зерттеушілік тапсырмалардың маңызы

Математикадағы зерттеу тапсырмалары оқушының дайын білімді жаттауынан гөрі оны өздігінен табуына мүмкіндік береді.

Мысалы:

1. Заңдылықты анықтау тапсырмалары

2, 4, 8, 16, ...

Оқушы заңдылықты зерттеп, жалғастырады, өз қорытындысын ұсынады.

2. Бір есепті бірнеше тәсілмен шығару

Мысалы, 36+24 қосындысын әртүрлі жолмен шығару.

3. Ашық тапсырмалар

«Қосындысы 20 болатын бірнеше сан жұбын тап».

Мұнда бір ғана жауап емес, бірнеше нұсқа болады.

4. Логикалық зерттеу есептері

Мұндай тапсырмалар баланы ойлануға, дәлелдеуге жетелейді.

Осындай тапсырмалар шығармашылық ойлауды дамытып, баланың математикалық тілін қалыптастырады.

Зерттеушілік арқылы шығармашылықты дамыту жолдары

Проблемалық оқыту

Проблемалық сұрақтар оқушыны дайын жауаптан ізденіске жетелейді.

Мысалы:

- Неліктен бұл есептің жауабы осылай шықты?
- Басқаша шығару жолы бар ма?
- Қай тәсіл тиімді?

Осындай сұрақтар оқушыны зерттеуге ынталандырады.

Топтық зерттеу жұмыстары

Топпен орындалатын тапсырмаларда оқушылар пікір алмасып, бірлескен шешім қабылдайды.

Мысалы:

- геометриялық фигураларды зерттеу;
- өлшемдерді салыстыру;
- өз есептерін құрастыру.

Бұл жұмыстар шығармашылық белсенділікті арттырады.

Іс-тәжірибемнен мысалдар

